

Сайын Назарбекұлы

Сырласым бол

Алматы 2004

Қойшығара Салғараұлы,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Адал сөздің ғұмыры ұзақ

Бұрынғы өткен біліктілерден қалған: “сөз – ой көркі, ой – адам көркі” деген тағылым бар. Ал адам көркі – тән көркі, жан көркі болып екіге бөлінеді. Жаңағы “ой – адам көркі” деген осының “жан көркі” дегеніне қатысты айтылса керек. Өйткені жаны көрікті адамның жақыны да, жанашыры да көп. Ондай адамның тірлік болмысының мазмұны Ұлы Абайдың ұрпағына айтқан: “Адамзаттың бәрін сүй: “бауырым” деп” келетін киелі ойымен үндесіп жатады. Баспаның тапсырмасымен шығармашылығымен бұрын жетік таныс емес Сайын Назарбекұлы деген азаматтың қолжазбасын алып оқып шыққанымда, оның авторының осындай, жаны көркем, көпшіл адам екеніне бірден ден қойдым. “Әр қазақ – менің жалғызым” деп айта алған алып жүректі текті талант иесі Сабыр Адай інісіндей Сайынның да әр қазақты бауырым деп іш тартып, ой бөлісуі, әр оқушысына “сырласым бол” деп қолқа салуы, қарға тамырлы қазақ баласын бөліп-жармай тұтас сүйіп, солармен ортақ мүдделестік танытуы ол туралы осылай ойлауға мәжбүр еткендей. Онда жек көрушілік жоқ. Бұл ретте ол:

Ыза қысар баз біреуді кек керней,
Дұшпанына қарай алмас шет көрмей.
Адасқан бар, қате қадам басқан бар,
Қабылдай біл, өкінсең де, жек көрмей, - деп ой түйеді.

Ол бүкпесіз ашық сөйлейді. Онда осым қалай болар екен, жұрт мұнымды қалай қабылдар екен деген екіойлылық жоқ. Патша көңілінің қалауымен жүректегісін жайып салып, өзім деп еміренген жұртымен ашық сырласады, барын ортаға салады.

Бірақ оның жұртына айтары – бір сәттік көңіл күйдің әуені де, тіршіліктің бар мен жоғының арасындағы күйбеңі де емес. Ол – алпысқа келіп ақыл тоқтатқан, өмірдің азабы мен рахатын, жақсылығы мен жамандығын бірдей көрген, осылардың әрқайсысынан өзіндік ой түйіп, өмірлік тұжырым жасаған, үш рет өлім аузынан тірлікке қайта оралған мұқалмас қайрат иесінің пендәуиліктен ада жан толғанысы, болмысқа деген өзіндік көзқарасы.

Оның өшпес мұраты – Аллатағала адам қылып жаратқан соң, адамдық жолдан таймай, Адам атын сақтап қалу. Мұның пенде үшін

оңай шаруа емес екенін де ол жақсы біледі. Сондықтан да ол: “Адамды Құдай жаратты дегенге сенейін десем, Құдайды аяймын; Адамды маймылдан жаралды дегенге сенейін десем, Адамды аяймын” деп толғанады, “Адам – адамзат үшін еңбек етсе ғана Адам” деп тұжырым жасайды.

Оның өлмес арманы – “тумақ – сүндет, өлмек парыз” екенін біле тұрып, мәңгі өлмеу. Сайын: “Өткен күндер – қателер күнделігі” дейді. Сол күнделікті ой көзімен парақтап, өткенінен тағылым алып, өлмес ісін, өшпес ізін қалдырған жан мәңгі өлмейді деп біледі. Оған елуге тақағанда қолына қалам алдырып, жанын тербеген жайларды қара сөзбен қаластырып, өлең сөзбен өргізіп жүрген де, қара тасты қайыстай тіліп, бұрынғы өткен алыптар басына айтулы ескерткіштер орнаттырып жүрген де сол түсінік. Расында да, қазіргі таңда қазақ даласының әр тұсынан бой көтерген Ұлы Абайдың басындағы ұлы ғимрат, Домалақ-Анаға арналған ғажайып мовзелей, ақын Абыл мен батыр Досан ескеркіштері өздерінің иелерінің өшпес есімдерімен бірге Сайынның да есімін жалпақ жұртқа жариялап тұрғандай. Сондықтан да болар Сайынның:

“Өмір сүрген екен ол, – деп, – несіне”,

Дайын болғай жауабың өкпесіне.

“Айта алшы өлсем де ажал жетіп,

Сенемін, – деп, – жоқ болып кетпесіме” – деп кесіп айтуы.

Оның ең басты парызы – хал-қадірінше еліне, халқына адал қызмет ету. Сайын бұл ретте былайша толғанады: “Парыз... Бұд – біссімілладан кейінгі айтылар ең ұлы сөз! Адам ақиқатты да, мәдениетті де сенен таппақ. Парыз мағынасын түсініп, өз парызын адал өтеуді ойлаған жан сол сәтте пенделік болмысынан азаматтық біктікке бірден көтеріледі”. Осындай түсініктегі Сайынның өзінің де азаматтық биіктікке көтерілген жан екенін “Сырласым болға” енген төрт тағандар топтамасы да, болмысты ұлттық таным-түсінік негізінде тануға ұмтылған ешкімге ұқсамайтын өзіндік философиялық пайымдаулары да дәлелдей түседі. Ол елінің ертеңін ойлайды. Не айтса да ашығын, адалын айтады. Ал адалдықпен айтылған сөздің ғұмыры ұзақ. Өйткені елім, жұртым деген жүректен шыққан сөздің бырып орнығар орыны да сондай махаббаты жүрек болмақ. Сондықтан ол ұмытылмайды. Туған халқына адал қызмет етуді парызым деп білген Сайын осы қазір де маған:

Өнерлінің тілін тап, мінін таппа,

Көп жақсының тек қана бірін бапта.

Жатқа тізгін бермеңіз “жақсы екен” деп,

Қарап қалар сасқанда күнің жатқа, – деп тұрғандай.

Ой түйіндері

* * *

“Адамды Құдай жаратты” дегенге сенейін десем – Құдайды аяймын,

“Адам маймылдан жаралды” дегенге сенейін десем – адамды аяймын.

* * *

Ел басының басын сыйламасаң да, тағын сыйла,
Дін басының өзіне сенбесең де, дініне сен.

* * *

Бақыт дегеніміз – әр адамның адамзат баласы мен адамгершілікке еткен өз еңбегіңнен алатын ләззаты.

* * *

Дананы – ойынан;
Батырды – сойынан;
Ізгіні – ісінен;
Жақсыны – түсінен;
Көлгірді – көзінен;
Суайтты – сөзінен.

* * *

Жақсы өлсе, жеріне кіреді,
Жаман өлсе, көріне кіреді.

* * *

Болат болмас суарғанмен жасықты,
Кісі етпейсің демегенмен пасықты.

* * *

Қыз атын қызыққандар шығарады.

* * *

Ер қасиеті – шыншылдығы,
Ез қасиеті – күншілдігі.

* * *

Ана – тапқан ұлымен ардақты,
Саудагер – тапқан пұлымен салмақты.

* * *

Ақылды қорқақ алдырмас.

* * *

Шын қорқақ ажалын табар,
Сұм қорқақ амалын табар.

* * *

Арманың ақ сағым,
Тағдырың – қас-қағым.

* * *

Ел қамын жеген – кісі болар,
Өз қамын жеген – кіші болар.

* * *

Күн жаманы тынады жауын болып,
Дос жаманы тынады жауың болып.

* * *

Көктем шындап түнерсе, нәрін төгеді,
Халық шындап түнерсе, кәрін төгеді.

* * *

Кісіден жиренбе, ісінен жирен,
Түсінен торықпа, ісінен торық.

* * *

Жылтыраған жүзін сыйлама –
Кісілігін сыйла.
Жылтыраған сөзін сыйлама –
Түсінігін сыйла.

* * *

Иманды адам қанағатшыл келер,
Дөрекі надан балағатшыл келер.

* * *

Ниетіңді түзеткенің – иманыңды күзеткенің.

* * *

Ана тілін менсінбеген – сақау,
Ата ғұрпын елемеген – мақау.

* * *

Арсыз заман белгісі – "түлкісінде",
Арсыз адам белгісі – күлкісінде.

* * *

Тілің өткір болса, жауыңды табар,
Артық айтсаң, айналып келіп өзіңді қабар.

* * *

Қайырымды, ізгілікті кісінің,
Еленбейді кейбір кемі ісінің.

* * *

Елім деп еңбек еткендер,
Еленбедім деп налымас.

* * *

Ақын – бәріңмен құрдас.

* * *

Дана да күн секілді, өз сәулесін өзгеден қызғанбайды.

* * *

Ақиқатта пенденің жұмысы жоқ,
Өз шындығын өмірде әркім іздер.

* * *

Тегің - атаңнан;
Тілің – анаңнан;
Білім – еліңнен;
Мінез – жеріңнен;
Махаббат – сезімнен,
Бақыт – төзімнен,
Сұлулық – көзіңнен;
Кісілік – өзіңнен.

* * *

Қайыршыға қайыр күтіп бермейсің.

* * *

Кембағалға қарассаң,
Кемдігін айтып даттама.
Аш адамға ас берсең,
Жасытып арын таптама.

* * *

Атақты деп атың шықса халыққа,
Масайрама, сол халықты налытпа.

* * *

Ізгі ісіңе мақтануды ойға алма,
Аш кісіні ойлай отыр тойғанда.

* * *

Адам – адамзат үшін еңбек етсе ғана Адам.

* * *

Уақыт бәріңді де жеңеді.

* * *

Орынсыз шашпалық – мырзалықтан гөрі ақымақтыққа
жақынырақ.

* * *

Өзгені жеңуден өзіңді жеңу қиынырақ.

* * *

Ұйқыдан көзің іссе емі жоқ – мастықтан.
Жұмыстан қолың іссе емі бар – ыстық нан!

* * *

Іс пен сөздің ақтығы – ел көзінде ірі етеді,
Пейіл мен сезім пәктігі – өлген соң да тірі етеді.

* * *

Қас жауыңды анықтағың келсе – атақты бол.

* * *

Қарсы пікірлі қасыңнан табылса,
Шындығыңа жақындай түсесің.

* * *

Ошақ көркі – татулық,
Батыр көркі – қатулық.

* * *

Өз қатесін мойындай алмайтын адамның ешқашан ақылы
толмас.

* * *

Ақылым аз деп ешкім Аллаға арыз айтпапты.

* * *

Тірлікте болғаның – өмір сүргенің,
Бірлікте болғаның – бақытты өмір сүргенің.

* * *

Ақын – халықтың тілі.

* * *

Жаныңды сақтауға тырыспа, тазартуға тырыс.

* * *

Құдайдан өзіңе сұрама, еліңе сұра.

* * *

Көпшілік біліктінің сөзінен гөрі мүліктінің сөзіне құмар.

* * *

Мылжың сөзінің тоқетері болмас.

* * *

Әлемді билеген ерді әйел билейді.

* * *

Жағымпаздана білмегеннің орны ортадан алыстай берер.

* * *

Көзі жеткен шындыққа ара түспеу – кісілікке мін.
Шырылдап жатқан әлсізге ара түспеу – жігіттікке мін.
Үйретері жоқ болса – үлкендікке мін.
Кешірімі жоқтық – адамшылыққа мін.
Дана сөзін елемей шала сөзін демесе – елдікке мін.

Баласынан жерісе – аналыққа мін.
“Бақа бастысын” сыйламаса – әйелдікке мін.
Шаңырақ көтере алмаса – еркектікке мін.
Жасы жетпей марқайса – ұлға мін.
Жасы жетпей сарғайса – қызға мін.
Жерінен елі жерісе – патша міні.
Жұрты жалаңаш, өзі тоқ – әкім міні.

* * *

Біреулер ой ойлап бақытты;
Біреулер іс тындырып бақытты;
Енді біреулер солардан ұрлап бақытты.

* * *

Үш нәрсеге түсінбеймін:
– Неге тірлікті тұрғызғандардан гөрі қиратқандар атақтырақ;
– Неге отынды шапқандардан гөрі жаққандар табыстылау;
– Неге басшыға батылдан гөрі жағымпаз сүйіктілеу?

* * *

Тұғыр – күші жеткенше,
Арғымақ – демі біткенше.

* * *

Азбанның күші шабынуға кетер,
Арғымақ күші шабылуға кетер.

* * *

Әкесіне бас иген – ұл атанар,
Атасына бас иген – кісі атанар,
Бабасына бас иген – көсем атанар.

* * *

Кісінің жақсылық, жамандығы оның өз парызын қалай түсінетіндігімен, қалай атқарғандығымен бағаланса, өмір бәріне де жеңілірек болар еді.

* * *

Болашаққа “Мұра” дегеніміз – тек қана бұрынғылар қалдырған жәдігерліктер емес, сол мұраны түсіне алатын бүгінгілер санасы да.

* * *

Анаң жақсы, қызың жақсы – әйеліңе не болған.

* * *

Өмір жолы ұзақ – аңсатады, арманыңа жеткенше.
Өмір жолы қысқа, көзді ашып-жұмасың, көріңе жеткенше..

* * *

Сөзіңмен көрінбе, ісіңмен көрін.

* * *

Өмір – өлтіріп тынар.

* * *

Сырласым бол

* * *

Сырласым бол, жарандар, сырласым бол,
Дей көрмеңдер, сырласар құрдасым ба ол...
Жас бол, кәрі, бәрі бір, әйел, еркек –
Сырласпақпын, ой кернеп тұрғасын мол.

* * *

Сыр айтайын, қорықпа, ақыл айтпан,
(Жынға тиер ақылдар жақын айтқан).
Еріккенде оқи сал, оңашада,
...Ойлар нешік... төрт жолмен, ақын айтқан?..

* * *

Кісілік келдің ақыр бұл жасымда –
Көз тойды, (ешнәрсені олжасынбай).
Ниетке – сақшы тұрып шөл қалатын,
Арқардың ай мүйізді Құлжасындай.

* * *

Пенденің қабыл болар тобасы тек,
Құлқынның өлшемі жоқ, жобасы көп.
Күншілдер – тәнің жара, жаның азап,
Тым ерте, құрап босқа, тозасың тек..

* * *

Ел билеу оңай емес – білініп жүр,
Талайдың күйіп беті тілініп жүр.
Билікке құмар жандар, досы түгіл
Өздерін өзі сатып бүлініп жүр.

* * *

Сақ болшы бет жыртудан, қарақтарым,
Көлгірді жан-тәніммен жаратпадым.
Арыңды сақтап таза жүре алсаңыз,
Аз болар бұл өмірде азаптарың.

* * *

Талай-талай алдадым күле кімді,
Ерегессем тырнағым бүре білді.

Көндіргенмен ырқыма тіл мен түрді
Түсіндіре алмадым жүрегімді.

* * *

Ұйқасса соға берме қайдағыны,
Болмасын ойың дәмсіз, жайдақ, інім.
Арқандай қосып ескен шұбырмасын,
Түйінде, сөз арасын байлап, інім.

* * *

Кейбір ұл жарымес боп шала туды,
Жағаңнан ұстай – заман ала туды.
Алданыш – мынау ғажап компьютерлер,
Жұбаныш – ақылы асып бала туды.

* * *

О, ғажап, мынау заман кімге арналған?..
Сан сұрақ қойғызады түндер маған.
Жайнаған гүлді алаңды таптап өтер,
Емес пе даңғой дана, ал біз надан?..

* * *

Өркімдер мазалайды сұрақ сұрап,
Амалсыз жауап қаттық құрап құрақ.
Адаспас мойындаған, маңдай түзеп,
Табиғат – деген, жалғыз, бір-ақ шырақ.

* * *

Жамандық тапшы, өмір, көне, менен,
Пәктіктен жаратылған, міне, денем.
Сөнгенде Сен силаған талай сенім,
Жарқырай түсті енді "дәме" деген.

* **

Арманың қолға түспес ақ сағымдай,
Тағдырың түсер басқа қас-қағымда.
Есейсең еңсені езер кілең мұңдар,
Бар бақыт уайымсыз жас шағыңда.

* * *

Жас болғам, армандағам – жүзім жанып,
Ал кеше күмәнданғам күзін танып.
Қар түсіп үсік шалып бұ күндері

Обал-ай, арман-үміт үзілді анық.

* * *

Алданып қалғанымды-ай уақыттан,
Атқанды “Сен” деп, кеше мына құт таң.
Тағатын алтын сағат біреу үшін,
Өкінген, атам қазақ, мен бейқұт жан.

* * *

Парызын өтегендер ел есінде,
Мінеді мәңгіліктің кемесіне.
Мақсатсыз – шаңын жұтып тарихтың,
Сылтиды ақсақ қойдай – сенесің бе?

* * *

Соқпаққа атам өткен бұрын басып,
Біз жүрміз дәл түсе алмай ырылдасып.
Жүрекке ырық бермей ақыл мен ой,
Тартады шар тарапқа қырын қашып.

* * *

Жаным аш, тоя алмай-ақ жүр азыққа,
Ойым бос, байлана алмай бір қазыққа.
Байқаймын сондай шақта оқсатпассың
Тұшынып оқи қояр жыр жазып та.

* * *

Өмірді бастап едім көппен бірге,
Өкпе жоқ, өкініш көп өткен күнге.
Жалғыз қап сан сүрлеулі мына жолда,
Тағдырға, әлде өзіме – өкпе кімге?..

* * *

Ақын да арам терлі бір сорлы жан,
Отырған кені аз жерден алтын шайқап.
Таптырмай бір ауыз сөз ой анықтар,
Мен содан ұқсастығын қалдым байқап.

* * *

Түсінбей жүрсем қазақ ойын анық,
Қонаққа сойған соңғы қойын алып –
Бар екен сарқылмайтын мол қазына,
Үміттен азық алар, тойынарлық.

* * *

Әйтеуір, жұтса болды – жатпас талғап,
Тірлігі кездескенді ұтса қармап.
Сатады өтін, бетін, жүрегін де,
Тіпті арын – қысылғанда талмап қалмақ.

* * *

Тәртіпке мінезінді шақыр, шырақ,
Тыңдап ал ақыл айтам – жақынсырап.
Көз сүзіп қарай бәрме көрінгенге,
Тұрсаң да тәнің күйіп, қатынсырап.

* * *

Жастықпен еліктедік азғырғанға,
(Маңдайға жазды ондайды тағдыр мыңға).
Бір көсем кәпірлігін көтере алмай
Ей, Алла, Жұрттың бәрін жазғырдың ба?..

* * *

Ақылды сөйлеспейді сеніменен,
Шешілер кездесе тек теңі менен.
Ол, бірақ кішіпейіл, сауалыңа
Ыждатпен жауап берер жөніменен.

* * *

Құрысын көрген күні жарамсақтың,
Көзінде ақылдының жалаң шаптың.
Мәз болар бір мықтыға сәлем берсе,
Ойлайды, пайдаға асар амал таптым.

* * *

Өсер ел кез-келгенін ақын қылар,
Өшер ел өсер ұлын зақым қылар.
Надандар болашағын тұншықтырса,
Үйренер ақымақтан ақылдылар.

* * *

Кім білген тәтті ұйқының тартыларын,
Кім білген түннің қымбат нарқы барын?
Мәңгідей ұзақ түндер – кірпік қақпай,
Әлемнің қызықтайды жалпы зарын.

* * *

Қазақтың он бір буын қара өлеңі –
Өнердің маңдайдағы дара меңі.
Жаныңды жабырқасаң жұбатады,
Жүрекке жып-жылы боп барады емі.

* * *

Махаббат сорыңа ма, бағыңа ма?
Сезім ит ақыл итке бағына ма?
Қыз соқыр – ғашық болар жігіттерге,
Алмайтын сүймек түгіл сағына да.

* * *

Жастық – саз, күй боп жетер аңсағанда,
Үн қосар адасқандар жаңсақ әнге.
Махаббат жаңылмайды өз үнінен,
Қызықтан тартынады, қанса, тән де.

* * *

Жер – Ана, Аспан – Әке, адам – бала,
Мән бермес бұ шындыққа надан ғана.
Жаныңа сіңіре алсаң сенімменен,
Өмірің тірі жұмақ, алаңдама.

* * *

Кім келіп, бұл өмірге, кім кетпеген,
Бәрі де тағдыр соқса – дірдектеген.
Бар ма екен зорлығына ит тірліктің
Бас имей өткен, жанын кірлетпеген?..

* * *

Жіберді-ау мына тірлік жалықтырып,
Оты да жылытпайды жанып тұрып.
Соңында даңғазаның шуылдаған
Көр соқыр, бұл не деген халық "тырық".

* * *

Бықсыйды мына сорлы улап жанын,
Кім білсін, қай жасында санасы өлді.
Сан рет, дем берсем де бір жылт етіп
Жана алмай, тіріле алмай, шала сөнді.

* * *

Япырым-ай, көзапара азды адамдар,
Ұлтынан безіп кете жаздаған бар.
Жыйылып тағы өздері қарқылдайды,
Үн-түнсіз жүріп жатыр азбағандар.

* * *

Аспанда – сәуле түскен, сығалайды ай,
Жанында бір шырақ бар самаладай.
Жұлдызым, қайдасың сен, жарқырашы,
Нұрланып, көзге түссін "жаман адай".

* * *

Қарттық па, ойға үрей жамағандай,
Ұйқы да қашады екен, шала, қанбай.
“Ертеңің елім, сенің қандай екен??? –
Қалың ой, мың найзалы... қамағандай...

* * *

Әйтеуір біреуді ылғи сағынасың,
Керек пе бір құдірет, табынатын.
Жоқ әлде іздейсің бе бір сүйеніш,
Өмірдің шешіп берер мағынасын.

* * *

Дейтінмін, өзім бұрын жұртқа жақтым,
Елу жас, мені неге сыртқа қақтың?
Үйірсіз, саяқ аттай, қалдым-дағы,
Өзімді өзім енді ноқталаттым.

* * *

Ел-жұртты ұрындырды тасыр неше,
Ұқтырды қате құнын ғасыр кеше.
Япырым-ай, сонда-дағы сұрауы жоқ,
Бере ме жақсы жаси, асыл өше?

* * *

Санаспай, қайта құрып, Бізбен, Сізбен,
Не ғажап, барды құртып, жоқты іздеген?
Тағы да атқа мініп әумесерлер,
Майып боп бара жатыр оқсыз денем.

* * *

Септігі аздау болды-ау халықтың да,

Көмегі тимей қойды-ау "алыптың" да.
"Арман" деп айта-айта ұяламын,
Сол итті қуа-қуа жалықтым да.

* * *

Ақылды біреу айтқан жек көремін,
Өркімге сол үшін де өкпелімін.
Қайтеді пайдасызын тастай салса,
Тозады неге жүйкем текке менің?..

* * *

Түсінбей шексіздіктің мағынасын,
Амалсыз, шама жетпей шағынасың.
Өзіңді жер құртындай сезінгенде,
Құдірет-табиғатқа бағынасың.

* * *

Табынтар құдіреті – Жаратқанның,
Келеміз күнде көріп таң атқанын.
Деуші еді әкем марқұм: "Айта көрме
Ешқашан Құдай жоқ деп, қарақтарым".

* * *

Сөздер бар маржан ой боп төгілетін,
Сәттер бар жүрек саз боп егілетін.
Сезімсіз қалам алып, ұйқас іздеп,
Ақынның алаңдаған кезі құрсын.

* * *

Өнерге бірі ғашық, бірі қашық,
Екі жан ғұмыр бойы ырылдасып –
Дүние кезек деген, келеді әлі,
Біреуі иығымен бірін басып.

* * *

Надан десе, біреу біздің халықты,
Наданмын деп, бас изепті, наньпты.
Ал сырласса болды, сосын бәріне
Сұңғыланың кім екенін танытты.

* * *

Жанарыңнан аңқаулығың сезіле
(Жарасады сол қасиет өзіңе) –

Жалтақтамай өмір сүрші, қарындас,
Дос-дұшпанның тура қарап көзіне.

* * *

Киелі ағаш жапырағын жұлғызба,
Балталатпа, бір тамырын қиғызба.
Киеліден киелілер туады –
Білсін соны біз өсірген ұл-қыз да.

* * *

Бәрі де бар – жасыл желек бақша да,
Машина да, мал менен жан, ақша да.
Бірақ Құдай әлеміне кіре алмай
Жүрген жанның бақыты да “жақшада”.

* * *

Айтайын ба, мен сендерге шындықты –
Ақылменен іс тындырған сұм мықты.
Бірақ олар тірі өлікке айналар
Ойлай берсе өмір бойы сұмдықты.

* * *

Бір-бірімен үзеңгілес жастық шақ,
Озғың келсе – озық ой тап, басқыш тап.
Елге жағып, ерге сеніп өмір сүр,
Құлшынып тұр жалындаған жасқа ұқсап.

* * *

Бір сөз айтам қателеспей, нақ басып:
Бақытсыздық – алсаң арды таптатып.
Ақылсыздық – қосылып ап сайрасаң
Жатқандарға тап өзіңді мақтасып.

* * *

Бақыт та құс – мекен керек ұялар,
Ізгі пейіл, мейір жүрек – ұя бар.
Қонса қонар, бірақ мекен бола алмас –
Қызыл тасты, ызғырықты қиялар.

* * *

Ыза қысар баз біреуді, кек керней,
Дұшпанына қарай алмас шет көрмей.
Адасқан бар, қате қадам басқан бар,

Қабылдай біл, өкінсең де, жек көрмей.

* * *

Кісімін дер біраз жандар ісініп –
Кіл мақтаныш, кіл буаз сөз – түсінік.
...Адам сөзі алынбасын есепке –
Тек тындырған ісі ғана – Кісілік!

* * *

Ең бас бақыт – бұл өмірге келуде!
Ең бас тілек – ел тілегін тілеуде!
Ең бас міндет – жақсы ұрпақ артыңа,
Ең бас білік – Ана тілді білуде!

* * *

Ожар-надан – нағыз озбыр тірлікте,
Сына қаққан әр сөзімен бірлікке.
Одан асқан ойлы болмас ортада,
Өзі кісі, өзі дана – шыр бітсе.

* * *

Бұл өмірде – сорлы жан бар, топас бар,
Мұрты сынбас балғаласаң о тастар.
Айналайын, айналып өт кез келсе,
Шығындама саулығыңды со тасқа.

* * *

Бұ тірлікте байғұс жан бар, маубас бар,
Үйретем деп сырқат болған сау бастар.
Амал қайсы, қорғаштай жүр сорлыны,
Алла солай жаратқасын... әу баста.

* * *

Қате қадам басар кейде адамдар,
Дана – бірден сақ боп, содан алаңдар.
Іздеп жүрер өз қатесін ақылды,
Өле-өлгенше мойындамас надан бар.

* * *

Теңдік іздеп, шындық іздеп таласар,
Тіршілікке мүмкін о да жарасар.
...Сезім қандай болады екен адамда,
Деген сәтте – “енді анжаққа бара сал”.

* * *

“О” дан “Бұ” ны көргендіктен біз артық,
Сүре бергің келер өмір құмартып.
Кеңес мынау: күнделікті тірліктен
Ала білгін ғұмырыңды ұзартып.

* * *

Бақыт қуып араласпа шатаққа,
(Ол не өзі – дәреже ме, атақ па?)
Іздеп өзі сол бақытың табады
Ие болсаң адам деген атаққа.

* * *

Құмға сиіп көгал етпек ниеттей,
Мағнасыз күйкі тірлік күй етпей –
Ей пенделер!.. бұ тірлікте орның тап,
Күй болмасаң, домбыраға тиектей.

* * *

Кешірімшіл бола білші басқаға,
Үлкенге де, бейтанысқа, жасқа да.
Бірақ кешпе қылығыңды өзіңнің,
“Мен”, “Мен” – деген сезімді біл басқара.

* * *

Ақ тілеулер – қайыр таңын атырды,
Ізгі ниет – бауыр қылар жат ұлды.
Қолы талды – деп мүсіркек пақырлар,
Ту көтерген – “Пір”, “Әулие”, “Батырды”.

* * *

Бір адамда үшеу отыр – “Мен”, “Мен” – деп,
Құл ғып Сені тыншытпайды, өңмендеп.
“Көзің” – сұлу, “ауыз” – тәтті сұрайды,
“Жанды” еске алар, анда-санда, көнген тек.

* * *

Білгір жазған бір кезде “Төрт тағандар”
(Айта алмаймын – соншалықты бағам бар) –
Салқындатып төрттағанмен алмасаң,
Көкіректе... бір күйік от, алаң бар.

* * *

Әкім қойсаң көп ішінен “тақыл” деп,
Жеп бастайды жанталасып әкім геп.
Сорып бастар – құйрық, бауыр, өтіңді,
Ең сұмдығы – жетім-жесір хақын жеп.

* * *

Арызданып ардақтысын жапқызып,
Қапы қалып – қара орманын сатқызып
Жүрген құға, қол жетпестей арманы
Қона кетер, кез-келгенге бақ – қызық.

* * *

“Алла” сөзі – оңсыз, солсыз, теріссіз,
“Ата”, “Апа” – сондай қуат беріпсіз.
“Аға”, “Іні”, “Ана”, “Ене”, “Қазақ”, “Нан” –
О, Тәңірім! – табындырдың еріксіз...

* * *

Айналды ма мәні нөлге есептің,
Іс ақылға бағынбайды десек... шын.
Алтын азып, темір тозып жентек боп,
Кірігіп ап тасқа айналды кесек, құм.

* * *

Сүйе білген жүрегімен құдайды
Келеді екен жылы жүзді, шырайлы.
Тек ауызбен Алла дейтін харам бар
Тұйық судай асты шірік, лайлы.

* * *

“Парыз” деген ауыр жүктің астында
Жүрген жанды, сыйла әкеңдей, жатсынба.
Мақсатсыздар – ол құдайсыз, қағынған,
Бұ ғаламда міндеті бар тастың да.

* * *

“Парыз” деген қасиетті борышың,
Нағыз жігіт жан береді ол үшін.
Мақсатсыздар – ол Құдайсыз, қағынған,
Ата, ауыл, бүкіл елдің сорысың.

* * *

Адастырар, сан жұмбақты, бұ тірлік,
Асқақтатар кейбіреуді күпір ғып.
Әурешілік – көз бен қарын тойғызбақ,
Бақыттылар – ете алғандар шүкірлік.

* * *

Әр қадамын ақша етіп санап ап
Ұмытқандар – “Парыз”, “Борыш”, “Аманат”
Білмейді ғой ең бақытты өмірде –
Ете білген азға, көпке – “Қанағат”.

* * *

Бағыт-бағдар жоқ кісілер қопырап,
Санасы да тексізденіп, тоқырап
Жүргендерге – ата сөзі бағдарың,
Тірлік мәні – “Наның, Тұзың, Топырақ”.

* * *

Өмір мәні – махаббат пен сыйластық,
Тірлік сәні – сағыну мен қимастық.
Мәнсіздіктің, сәнсіздіктің белгісі –
Қарсы келу бар пікірге, қиғаштық.

* * *

Бақыттыға қонар бірден “Кішілік”,
Жылдан-жылға келем соны түсініп.
Табанымен жерді тіреп тұрғандай
Бар-ау жандар, талтандаған, ісініп.

* * *

Бір Тәңірге өмір бойы жалынып,
Бір Құдайға, табиғатқа табынып,
Ата-баба аруағын ардақтап
Жүрген жанның, ей, Ағайын! – жанын ұқ.

* * *

Жоным сезер атам қазақ төзімін,
Жүрегім бар жоғалтпаған сезімін –
Ата басын бір ұшпаққа шығарар,
Атам соққан үзеңгінің өзімін.

* * *

Босқа шашпа ақылыңды бекерге,

Асыл аз ғой, шашсаң алтын – жетер ме.
Бар байлықтың басын “Ақыл” еткендер,
Өкінбейді бұ жалғаннан өтерде.

* * *

Сөз сұранса, ойыңды айт деп құйылып,
Сондай сәтте не жының бар тыйылып.
Шалқы сол кез, өзгелерді шалқыта,
Табиғаттың берген саған сыйын ұқ.

* * *

Ашқан сайын ойдағысын, тек шынын,
Ызғарланар, түйрей сені кекшіл үн...
...Адам мың сан, өзім жалғыз, Әлем бос,
Қалмай барад сырласарлық ешкімім...

* * *

Асылыңның, адалыңның жанын ұқ,
Жатпасыншы, жалғыз оймен сарылып.
Қалмасыншы ой күркенің ішінде,
Қаласыңдар кейін сосын, сан ұрып.

* * *

Көнбіс жанның – илі қайыс – өзімін,
Шыдамдымын – қара жердей төзімім.
Өмір сүрдім, кімге қалай көрінер,
Тоқ болса деп, – “Құрсағымнан Көңілім”.

* * *

Жігіт адам ізетпенен тік тұрғай,
Жүрсе басын мықты алдында, бұқтырмай.
Жігіт – жігіт, іс түскенде басына,
Алып өтсе намыс туын жықтырмай.

* * *

Армандаған жалғызының әке бар,
Арақ ішкен “Кісі” сәтін көрсем деп.
Ара түскен, жаны шыға шеше бар:
Жалғыз қыздың “Ісін” көріп өлсем, – деп...

* * *

Жақсылықтың соқпағымен, ізімен
Ере жүріп күнін көрер жамандық.

Сол соқпақсыз жоқ екенін өмірдің
Сезбейді олар, жаратқасын “Надан” ғып.

* * *

О, Тәңірім! Сезім құмар жан бердің,
Ләззәтшіл, тәтті құмар тән бердің.
Мына таңға оянбаған жан қанша,
Бүгін тағы, шүкір, атқан таң көрдім.

* * *

Кейбір жандар “Мен”, “Мен едім” деп қалар,
Мақтанады өзіндегі жоққа олар.
Қорегі тек тозаң менен бу ғана,
Тамыры жоқ қына деген шөп болар.

* * *

Ізгілікке жол шеккен қиял асып,
Жүрегіне жылылық ұялатып –
Сүйе білген Құдайын, Табиғатты
Қателеспес өмірде, қия басып.

* * *

Асқар таудың бастауы, тұнығы анық,
Балдай татыр дәмі бар – құнығарлық.
Қыран жанның шаңқылы тау қозғайды,
Талант таудың шыңына шығып алып.

* * *

Атақты адам орынсыз шамданады,
Сұлу десе қыз бала паңданады.
Ізгі жан бар ұядай тартып тұрар,
Мейір шашар жып-жылы маңға жаны.

* * *

Жақсы маңын аялай, жебеп келер,
Ызы-қиқы қылады желөкпелер.
Ақылсыздың ортада әр қимылы
“Мен мынау” деп ойлыға дерек берер.

* * *

Тоғышар жан – дәулетін жанға балар,
Ұқыптылар тірлігін қамдап алар.
“Бес күн өмір” белгісіз өте шығар,

Шеберлердің артында таңба қалар.

* * *

Адам атты жаны бар, “кіл өлік” кім?..
Қаттылау ма мен айтқан төрелік тым?..
...Ел қамымен сүрмеген бір сәт ғұмыр,
Адам – санат, сапында – тірі өліксің...

* * *

Шегерем деп ойы озық кемеңгерін,
Ұмтылдырған ел оңбас төмендерін.
Қортық салсаң отарға қой бұзылар,
Төл қамымен мұздайды денем менің...

* * *

Бір-ақ ұрттар теңізді – “мезгіл” деген...
Бір-ақ асар менменді көзге ілмеген.
Мойындамас соларды сонда-дағы,
Туысынан мен-меншіл, көлгір денең.

* * *

“Түйеқұстар” сәнді тек бойыменен,
Арлы болмас олар тым ойы төмен.
Жұмыртқасын басқаға бастыратын,
“Көкек сұлу” – солардың сойы дер ем.

* * *

Ең бақыттың бақыты – өмірге ену,
Одан зоры біреуге өмір беру.
Бақытсыздық белгісі баққа мас боп,
Өзіңді-өзің құдірет, Тәңір көру.

* * *

Күтер бөбек шыдамай жаны асыға,
Сүю сезім алғашқы - анасына.
Тастанды атақ сарғайтты кейбіреуін,
Қалды-ау сорлы замандас табасына.

* * *

Тәуекел деп, бел шешсем, шыдаймын ба?..
Қайтем тұнық болмаса – ылай, мұнда?..
Адастырар арманның жел қайығы,
Шығармаса қайтемін жыр айдынға?..

* * *

Әулие көп ниет қып табынарда,
Қимас та көп аңсауға, сағынарға.
Айналаңда бір дос жоқ, бәрі дұшпан,
Бәрі жау боп көрінер қағынарда.

* * *

Әдепсіз жан жырқылдап бұрын күлер,
Қырсық шалған бар елден қырын жүрер.
Тым ертелеу құласаң жаспын деме,
Жастық өзін жықпайды, сүріндірер.

* * *

Дәметкендер – өмірде “ер” мен бе деп,
Бұлданғандар – мінімді термендер деп –
Қалады екен іс түссе құмырсақдай
Илеуінен айрылған, шерменде боп.

* * *

Қырып-жойып жүреді әңгілер кей,
Қауып, үріп маңына жан жібермей.
Неге солай?.. Осыны түсіне алмай
Мен де милау боп кеттім мәңгілердей.

* * *

Пай! Мүләйім қу түлкі, аңғалдардай,
Жібермейді тірі жан таң қалдырмай.
Әрбіреуден бір рет асап қалмақ,
Әйгіленбек, сұмдығын жанға алдырмай.

* * *

Сөз түсінбес қыршаңқы қырсық шықты,
Еш кетіріп еңбекті құртып бітті.
Жол түгіл із артына қалдыра алмас –
Ақыл айтар өзіңе ұрсып тіпті.

* * *

Жарты ғасыр жүріппін жан қинамай,
Елге еңбек деп сәл затты, нандым ұдай.
Жақсы ісің жаныңа бал тамызар,
Жегізе гөр, тер татыр нанды, құдай.

* * *

Жас екен деп ешкімді баласынба,
Ертеңгі ағаң тап солар, нанасың ба.
Сенбегендер, көрерміз, қара да тұр,
Тіпті атадай болады санасызға.

* * *

Елемедім ауырды “бұйым ба” деп
Өзімді де салып кіл қиынға тек –
Жүргенімде дәмәтіп арман таудан,
Қорқамын, “Алдатөмпек” сыйым ба деп.

* * *

Жан түсінбей кетер ме арманымды,
Кездеспей ме бір сырлас, арман үнді.
Жүрек сазын жүрекке тыңдата алмай,
Тістелеумен өтем бе бармағымды.

* * *

Кешегіге, ертеңге үңіліңіз,
Талқылаңыз қандай деп бүгініміз.
Ойланбаса – осындай сұрақ қойып,
Дәметпеңіз ештеңе, түңіліңіз.

* * *

Жақсы-жаман арасын шешеді кім?..
Азабыма тұрды ма кешегі күн?..
Ал ертеңім жан қисам ақтар ма екен,
Ойлан, ойлан, әйтпесе, өшеді үнің...

* * *

Бір ғажайып шақ еді таңға жуық,
Тәнім сергек, ой озық, санам ояу.
Әлем бүгін кенеттен қайта туып,
Кездеспеген жан-жағым жаңа бояу.

* * *

Бір ісімен нұрланып, пай, бір адам –
Қайта туып, тіріліп кетеді енді.
Ал пасықтар бұқшандап еш пайдасыз,
Тірі өлік боп өмірде өтеді енді.

* * *

Кеше ғана қамсыз ем, бақытты едім
(Кейбір жанға әуелден бақыт тегін).
Енді ойлансақ, жас жетіп, көңіл күпті,
Парыз-қарыз түгендеп, артық-кемін.

* * *

Кеше шалқып жүріп ек шарап ішіп,
Ісінгенбіз өкпедей шала пісіп.
Кеуде соққан, ұят-ай, қайран күндер,
Айран емес, жүріппіз шалап ішіп.

* * *

Ой ажарлы, сана сау, көз күліп тұр,
Тілі шешен, жүзінде ізгілік нұр.
Кей балалар атаңдай әсер етер,
Не қиынды оп-оңай сөз қылып тұр.

* * *

Ой жеткізер жас шаққа, ала қашып,
Тым алыста қалса да, ара қашық.
...Маскүнемдей түс қайта бас жазылған,
Қартайғанда ес жидық, “қара басып”.

* * *

Сыйла, шырақ, әкенді – қонағыңды,
Қапы қалма, алып қал онан үлгі.
Сәл кешіксең кетеді сан соқтырып,
Жарлы етесің жаныңды, қоғамыңды.

* * *

Базар шағым – қайрылмай қайда кеттің,
Ажар шағым – сені аңсар жайға жеттім.
Мынау қай шақ – жан-жаққа алаңдатқан,
Неге мені күдікті, айлалы еттің?..

* * *

Бүгін бала, ертеңгі азаматтар –
Сақтан, сақтан, арынан надан аттар.
Текті кісі, есті адам, ізгі жан деп,
Айдар тақсын, сан түрлі ғажап ат бар.

* * *

Неге әке алдынан кесіп өттің?

Неге жеңіл дәм-тұзды несіп еттің?
Көргенсіздік көрсетіп көп ішінде,
Ата жүзін жат көзге нешік еттің?

* * *

Сөз жоқ, көз жоқ – ынжықтар құрып қалғыр,
Қарекетсіз, кіл жалтақ – кіріптар ұл.
Қасиетсіз темірдей былқылдаған,
Жігіт емес шетінен – тырықтар, бұл.

* * *

Кейбір жандар жүреді жатқа жағып,
Сөзі аузынан жатады боқ боп ағып.
Дәреже де құмар ма кір, қоқысқа,
Сондай жаннан таймайды бақ та неғып?..

* * *

Жалап-жұқтап әркімнен үнемдеген,
Көпек иттей бұралқы, сүмеңдеген –
Тексіздер бар басына тептіретін,
Жанап кетсе дір етер түгел денем.

* * *

Кезек бермей кейбіреу іседі есіп,
Сырты керім сол жанның, іші нешік?
Кей жігітке іс түссе жасып қалар,
Шайға салған жуадай күші кетіп.

* * *

Жанды тербер асыл сөз – ақ моншақтар,
Шешен сөйлеп маржанды таққан шақ бар.
Жел сөз үшін зергердің тонын киіп,
Асып-тасып жатады мақтаншақтар.

* * *

Аспан – Әлем, жұлдыздар – адамы ма,
Ғасыр сыйған аттаған қадамына?
Мына біздер мүмкін жер сіркесі ме,
Қанға тойып айналған еркесіне?..

* * *

Қимылдап қал жастығың тұрған шақта,
Өткізіп ап бөксеңді бұлғаңдатпа.

Иіскеуге жарайды мейір қанып,
Ашқан күні хауызын қызғалдақ та.

* * *

Жан сырыңды досыңа ақтарыла
Сенген шақта – бір қолдау таппадың ба?
Безгендей боп өмірден мұңайдың ба? –
Өлең оқы сондай бір шақтарыңда.

* * *

Тілмен түйсең шешпессің тісіңменен,
Бұл өмірді осылай түсінген ем.
Өзі дана, атамның сөзі құран,
Аруағына табынған кісің мен ем.

* * *

Жауың талай зарлатты, жамыратты,
Шағып кете жаздады-ау шаңырақты.
Атаң айтқан “шүкір” деп, жамап-жасқап,
Түндігіңді аш, қазеке, таңың атты.

* * *

Жан құдайсыз, тән дінсіз, сезім суық,
Еш көрмеген мұңды жас көзін жуып.
Шар болаттай шатынап тұрған жандар,
Алды ма екен өздерін өзі туып?..

* * *

Жақсыдан ба, жаманнан – заман зары,
Заманнан ба, адамнан – надандары.
Қанша керім өзіңді санасаң да,
Жек көруге қақың жоқ адамдарды.

* * *

Мін тақпайық кісінің қу басына,
Кім біледі одан ұл тумасына.
Адам атын қызғанба кісілерден,
Сондай атақ берілген... ту-у, басында.

* * *

Сезім ақса шымырлап өзегіңнен,
Шабыт толқын соғады кезегімен.

Сондай шақта көрерсің сұлулықты
Қурап қалған түйенің тезегінен.

* * *

Сырты саудың зар, дертін сезбейді-ау жұрт,
Сондай адам кенеттен күйрейді-ау, күрт.
Сыр алдырсаң болғаны, шықылықтап
Құлағыңа ойнауды көздейді-ау қырт.

* * *

Елу артта, есейіп, ер жеткесін
Арқа босап ойлансам, тер кепкесін –
Өткен өмір – қателер күнделігі,
(Өзің сот боп өзіңді тергеткесін).

* * *

Өз қатеңді өмірде ұққан қандай –
Күйіп кетер запыран жұтқан таңдай.
Елуімде есейіп ес жиыппын,
Жынды үйінен жазылып шыққан жандай.

* * *

Бақытты ма – дәметкен аспаннан ай?
Бақытты ма – “жұлдызды” жастан ұдай?
Мүмкін, әлде бақытты кей пенделеер,
Қанағатты берсе егер бастан құдай...

* * *

Ақыл ойла шаруаң кері кетсе,
Табиғатпен, жарқыным, ерегеспе.
Жұттан аман қалғаның көтеу туар,
Елді асырар жалғыз ұл зерек етсе.

* * *

Ақыл таппай бүгін ел тосылады,
Бұл заманның белгісіз жосығы әлі.
Көпшілдіктің қырсығы – сан дауысты,
Жекешілдік – айтпаған тосын әні.

* * *

Бір ғажап үн “ың” берсе тұңғыықтан –
Жүрек сол кез бір емес, мың күй ұққан.
Айырады еркіңнен адуын күш,

Кете ме екен оянып – жын бұйыққан.

* * *

Рас, адам бір рет жаратылар –
Әлі күнге шалып жүр, шалатындар.
Елу жаста мұрт та жоқ, сақал да жоқ,
Қылмаңдайды. Ал менің шал атым бар.

* * *

Жабырқаумын, көңілдің сағы қайтып,
Бұлданбаймын, құрбыға базына айтып.
Базарымның соңы ма, көшкен жұрттай,
Қарға қалған, аққу мен қазы қайтып.

* * *

Күзі келді көңілдің, жазы кетіп,
Бас изегіш боп алдық, тәжім етіп.
Бара-бара армандар адыра қап,
Қалар ма екен тірліктің мәзі кетіп?

* * *

Елікпедім орынсыз базынаға,
Бас имедім байына, барына да.
Елпілдетіп жіберер бірақ мені
Жетекке алса “Кісілік ары” ғана.

* * *

Ел сенеді керек деп кісіге иман,
“Иманды” дер жақсыны көзі қиған.
Сол асылы “о жақта” қорған болар,
Тірісінде тырнақтап өзі жиған.

* * *

Адам ұқсас, ал кейде түрлі-түрлі,
Ұмытқандай қоюды бір үтірді.
Бүгінгі жау ішінде кешегі дос,
“Жан дос” деген құлақта үні тұрды.

* * *

Аманатқа қиянат – арсыз ісі,
Ар үніне, ұжданға қарсы кісі.
Ала жіптен аттамас, жаны таза,
Ар мен Алла ісіне жаршы кісі.

* * *

Өшпес деген, өмір атты жарығың,
Бір күрсініс, тына қалар бар үнің.
Табындырмақ бар әлемді болғандар,
Сыйып кетер қауызына тарының.

* * *

Арызданып – ардақтысын жаптырып,
Қапы қалып – қара орманын сатқызып
Жүргендерді қамқорлайтын бір күш бар,
Қона салар кез-келгенге бақ, қызық.

* * *

Құдірет-ай, тәніңе жан жаратқан,
Қуат берер, тамырға қан таратқан.
Табиғаттың ғажабы – нұрлы жанар
Арқасында күн батып, таңдар атқан.

* * *

Ауыр күндер былтырғыдан биыл көп,
Бәрі бірдей көкіректе түйін боп –
Қоздауын-ай, бықсуын-ай шаладай,
Күймегенмен күйікті етер жиылды от.

* * *

Сыр мінезбін, дейтінмін, қанық-ақпын,
Сонша ма жыл мен сені танымаппын.
Өмір деген қателер жиынтығы,
Еске түссе күрсіне жалын аттым.

* * *

Қалмады да сағынар ешкімім де,
Пайда бопты-ау сұстылық кескінімде.
Қанат беріп арманды ұшыратын,
Елжіретер сезімдер өшті мүлде.

* * *

Өздеріңді – сезімдер, сағынамын,
Соқпай маған, күттіріп неғылғаның.
Сезімсіз жан – қаратас, сәуле шашпас,
Тек сезіммен сан қырлы лағыл жаның.

* * *

Мұқалыпты-ау сезімдер жүзің мүлде,
(Қайрақ қайда жеткізер жүзін күнде).
Қамшыласаң қаншама бір ұмтылмай
Сезім, сенен бұ күнде түңілдім де.

* * *

Талай сорлап алданып ұрылғанмен
Аңқаулықпен жолдас ем бұрыннан мен.
Құтыла алмай қойдым-ау о, Тәңірі,
Қосақтайсың күнде бір жырын жанмен.

* * *

Кіргенінде әуелде “нарық” күліп
Дәмелендік жүрекке жарық кіріп.
Енді бүгін, уайым – кете ме деп,
Шаруаны шайқалтып, тарықтырып.

* * *

Ой – мазасыз, жаныңды жалықтырар,
Кейде шалқып, тасытып қарық қылар.
Кейде тыққан сырыңды тауып алып,
Құтылмастай мойныңда салық тұрар.

* * *

Адал ойдың желісін үзіп тұрып,
Бойды билеп алғанда күдік кіріп –
Бас босамас ноқтадан, жан азаптан,
Үзілгенше мойынның өзі шіріп.

* * *

Үзіліп бүгін сәби, кеше боздақ,
Талай жүр зорға ілініп, өше жаздап.
Не жауап қайтарарсың нәрестеге -
Неге өштім бір жана алмай, десе, маздап?..

* * *

Қан тамырды кернесе бұзық ағын,
Таңдайыңның тәттіден тұзы қалың.
Ризамын, Тәңірім, бергеніңе,
Қызғанбаймын, бақтыға, қызығамын.

* * *

Жаныңа ие болса сұм бұрын кіріп,
Өтер сені өмірде ұрындырып.
Құтыла алмай, немесе ұтып алмай
Өткізерсің ғұмырды қырын жүріп.

* * *

Сыр ашыңдар, пенделер, шешіліңдер,
Ыза отын үрлемей өшіріңдер.
Бермесең де наныңнан тарыққанға,
Мұқтаж жанды қинама, кешірім бер.

* * *

Менің жаным... Не нәрсе?.. Форма қандай?..
Тамырдай ма нәрі жоқ, солған оңбай...
Әлде мыж-мыж сүйектей ит кемірген,
Жұтаған жұрт сынды ма Орда қонбай?..

* * *

Маза бермей өмірдің шуы жанға,
Ыстық пейіл жан досқа суығанда –
Ол үлкендік, әртүрлі ат таққанмен,
Нәр бермесе сезімнің буы жанға.

* * *

Дүние дөңгеленер мақұлдаспай,
Шет қалдық оған бұ кез ақыл қоспай.
Алдамшы – тіпті мына өз болмысың,
Тірлік те еді бір кез жақын достай.

* * *

Ертеңіміз, япырмай, қандай екен?..
Жәннәт па екен Жер Ұйық - жанға мекен?..
Не де болса менікі ата мекен,
О Туған Жер, тек сені таңдап өтем!

* * *

Болмашы жан – қылмыскер, шала, жасық,
Атақ-даңқы жылдан жыл барады асып.
Өзгелерге өзге боп көрінем деп,
Кеткен шығар жан-тәнін жара басып.

* * *

Артың - Елес, ол бірақ өз өмірің,

Алдың - Үміт, қайсысы кезегі мың?..
Пенделік-ай – жанталас, жағаласқан,
Болашағын – асыққан сезеді кім?..

* * *

Мен еврей емеспін, мен орыс та,
Тастай алман даламды жем жолықса.
Мен ебелек емеспін ық іздеген,
Құмырсқамын, иемін иен қонысқа.

* * *

Тағы да ердің арманға, торықпайсың,
(Бұ тірлікте жалғыздық болып қайғың).
Жүгініп көр айнаға, әділ қазы,
Өрнектеле қабаққа қоныпты-ай мұң.

* * *

Қарамас ем, айнаға қарамас ем –
Сақал алу жазаға, шараға тең.
Дәмеленбе сол бір күн қашықта деп,
Жүректегі жазылмас жараға сен.

* * *

Қаталдығы өмірдің... алаңдатып...
Өзің түгіл барады балаң “қатып”...
Бар тірлікке селқостық... кілең сырқос,
Сезімдер де ауырып, “жамалдатып”.

* * *

Ойлар, ойлар... ортаға алып тағы да,
Отырғыздың арман-үміт тағына.
Үміт солып торыққанша жалғасар,
Бұ күндер де сол немені сағына.

* * *

Бұ ғаламда “ит” деген бір сорлы бар,
Адам атын сондай біреу қор қылар.
Айтақталып ұяласпен қырқысып,
Үреді-ау-бір сембей жағы, сорлылар.

* * *

Басы тұнық өзеннің, аяғы лай,
Нағыз бастау мөп-мөлдір баяғыдай.

Тоймен бастап, жауласып аяқтаймыз,
Ертеңіміз не болар... ая, Құдай!...

* * *

Бұ тірлікте қапылып қарманасың,
Бірі соғып өтеді жарға басын.
Өтіріктеп, өсектеп бірін-бірі,
Не іздейді... түсінбей таң қаласың.

* * *

Неге сонша, пәтшағар, сықиясың?..
Ауқаттының татасың шұқып асын.
Әлсіздерді жұтасың екі бүктеп,
Біз білеміз жаныңның құпиясын.

* * *

Сыздануын мынаның, сыздануын,
Сыздануы жарастық бұзған үнін.
Сезінемін жүрекпен, қарап қалған
Жалынышты жандардың “сызға” күнін.

* * *

Ақтарылар біреулер біле сөйлеп,
Қақпаны бар біреулер күле сөйлеп.
Тұлпар түгіл, жамандар тайға мінсе
Елемейді дананы жүре сөйлеп.

* * *

Ау, Ақсақал! Халқыңның халі қалай?..
Шырқыраған жоқ па еді жаны талай?..
Қасқырды алып түлкіден күзет қойсаң,
Етін жемес, күнелтер қанын жалай.

* * *

Бақытсыздар – ешкімге сенбейтіндер,
О да сондай – баулуға көнбейтіндер.
Ең бақытсыз – еріншек, еңбек атты
Ұлы ананың емшегін ембейтіндер.

* * *

Бақыттылар, өмірде, сенімділер,
Бақыттылар – ауырға төзімділер.
Бір жақсыны көрсеңіз жаймашуақ,

Алабұртқан көңілге сенім кірер.

* * *

Бұ тірлікте көп нәрсе кешірілді,
Сан сұмдықтар санадан өшірілді.
Қиын бірақ қабынса “өкпе” пәле,
Көндіре алмай қор болдым кесіріңді.

* * *

Ұйқы қашса шаршап, азаптанасың,
Мүмкін сол түн кейде самғар қанатың.
Кейбір шақта жүрек түтеп ыс басып,
Кейбір шақта жүрек маздап жанатын.

* * *

Түн ұйқыны төрт бөледі сәл нәрсе,
Өкінбессің жайлы сезім нәр берсе.
Ал ауыр ой “жермен жексен” етсе егер,
Жасың құрыр – ар мен намыс кәрленсе.

* * *

Жақсы ойға жасымнан жақын-ақпын,
Қартайғанда “мен-меннің” затын аштым.
Ар оятар бойында сезімі жоқ,
Бар болмысы “Мен”, “Мен”, “Мен” ақымақтың.

* * *

Ай, кедейлік, ойлатпай парызымды,
Айттырмадың адамдық арызымды.
Барды сарқып бере алмай өтемін бе,
Қырсығыңнан өтемей қарызымды.

* * *

Құты қашса шаруа қыры кетіп
Пісіруші ед жеті нан, ырым етіп.
Жаңа үміт тағы да тұтанатын,
Бірі жетпей жатса да, бірі жетіп.

* * *

Аралап жүрсең елді жекжаттық қып,
Жақсы ойла, жайлы сөйле бекзаттық қып.
Ыр етсең ыр етерді тудырарсың
Арада – иттік қылық, тек жаттықтық.

* * *

Жуады жақсы істі жаман қылық,
Жақсы сөз кей пасықты адам қылып.
Пенденің билігі аздау, арманы көп,
Қақ төрге шыққың келсе заманды ұқ.

* * *

Бар ғұмыры қателерден құралған,
Қаншамасы күтіп әлі тұр алдан? –
Айуаннан бар айырмаң осы ма,
О, Адамзат, екі аяққа тұра алған?..

* * *

Көнбей тәні қасиет дәнін екенге
Адам-тобыр, адам-маймыл – тек пенде.
Жерде дана, көкте Алла дәрменсіз
Үгіт айтып, түссе Кітап Көктен де.

* * *

Ғашық жанша құмартқан төзім бермей,
Тұңғышына табынтқан сезімдердей –
Жүректегі ғажайып құбылысты
Өтесің-ау, адамдар, көзің көрмей.

* * *

Қызығарлық исі де, дәмі де жоқ,
Құны неде, жылтырақ сәні ме тек?..
Құмар қылған алтынға барша жұртты,
Жарақат сап еркімен тәніне кеп.

* * *

Үңіле алман көк теңіз тереңіне,
Жете алмадым ақиқат дерегіне.
Түсінбедім шексіздік мағынасын,
Сонда маған ақылдың керегі не?..

* * *

Сәулелі көз сүзілсе сезім жалғап –
Ұмтыласың жігіттік кезін қамдап.
Қайта айналып соққандай қайран қырық,
Құтаңдайсың, алпыс-ай, өзіңді алдап.

* * *

Ұры иттей танытып ептілігін –
Алпыс төбет қуалап жетті бүгін.
Сүмелекті қақ басқа қояр едім,
Жібермей тұр ақылым, тектілігім.

* * *

Қайран-ай деп, армандап жиырма бесті,
Өмір сүрген бар пенде, зары ескі.
Қырық та жоқ, бұ күнде елу де жоқ,
Сол бір кездер – әумесер, жарым есті.

* * *

Бақыт:
Бақыт іздеп кезгенге бар әлемді,
Бір құпия ашайын, жарар енді.
Сол қауіпті дертіңе бұ жалғанда
Еңбек қана, жалғыз-ақ, табар емді.

* * *

Қуаныш:
Қуанышсыз өмір не, езілерсің,
Ондай жанға жөн айттым көзі көрсін.
Тек тындырған жұмысың – қуанышың,
Рахатын жан-тәнмен сезінерсің.

* * *

Тәтті:
Барлық адам тәттішіл жөргегінен,
Әсіресе, керімдер, төрде күлген.
Өзім егіп өсірген жемісіме
Шыққан дәндей тәттіні көрмедім мен.

* * *

Сезім:
Орынсыздау, Жаратқан, өкпең деме,
(Сезім неге тұрақсыз, әттең, неге).
Ақ арманым - алғашқы сезімімді,
Жерден таппай етемін көктен дәме.

* * *

Ынтазарлық:
Шырайлыға әйтеуір ынтазарсың,

Кейде тіпті кенеттен кілт азарсың.
Болмаса да бұл сезім ғашықтықтай,
Жойма соны, дүнияң, бір тазарсын.

* * *

Жауыз:
Жауыз аты тағылар өлтіргенге,
(Сыр ашылар тәубаға келтіргенде).
Қандай адам “періште”, кім біледі,
Өлгені ме жауызы, өлтірген бе?..

* * *

Істеген ісіміздің қатесі көп,
Құтқарғай Құран Кәрім, батасы тек.
Жаныңды Жұмақ жайға жеткізетін –
Иман жол, одан өзге төтесі жоқ.

* * *

Алдамасым, сыйласым – оқушым ең,
Сендер үшін ой-өрнек тоқушы – мен.
Айтылмайтын арман бар әр сөзімде,
Түршіктің бе, ей сана... шошу – неден?..

* * *

Пенде жетер пайғамбарлық жасына,
Талай ойлар... келер, кетер басына...
...Бірі қанжар, бірі заңғар айбатты,
Бірі шіріп, жақындатпас қасына.

* * *

Өз әкеңнен атаң сірә жақындау,
Ал немере өз ұлыңнан тақылдау.
Содан ба екен ырылдасып өтесің,
Алысыңнан әрқашан да жақын – жау.

* * *

Өлтірмейді дананы даналығы,
Талқан еткен ер өлмес қамалыңды.
Ұл тумаса: ел бедеу, өлі мекен,
Елді тірі етеді саналы ұлы.

* * *

– Жеті қат көктен жоғары не?..
...Күпір сөйлер – наданның көкірегі.

Ол іседі қабынып, есіреді.
Бәсекелес – бәрімен, таңдамайды,
Хан ба, төре, пақыр ма, жесір еді...

* * *

Ойың болсын ортада айтар анық,
Дәмі сөздің кетпесін қайталанып.
Тұнық ойдан маржан сөз сауылдаса,
Отырса ғой тыңдаушың ынталанып.

* * *

Дөңгеленген жылдарды-ай, дөңгеленген,
Өзгешелеу осы жыл өңгелерден.
Біреу жалғыз сарайда жабырқайды,
Сан досы бар қайыршы пенделердің.

* * *

Ақындық әлем екен ала-бөтен,
Кей-кейде әйелің жат, бала бөтен.
Не үшін – түн ұйқысыз, күн күлкісіз,
Етікші қақса шеге алады өтем.

* * *

Ой-мұхит батсам кейде тереңіңе –
Не үшін, жарар қандай керегіме?..
Опыныш, өкініш боп кешегілер,
Өткеннің сан соқтырар берері не?..

* * *

Саясат – тіл безеген кәсіп пе еді?..
Мылжындар айтады осы бөсіп нені?..
Қалайша, ел құлағы елу болса,
Гумилев, Томсон атын есітпеді...

* * *

Шыңына тағзым еткен бар асқақтың
Кішілік болмысыма талас таптым...
Дастархан төріндегі өз орныма
Кей-кейде сол иттермен таласпаппын.

* * *

Қызғанышы, мақтанышы, ұраны,
Қялы да, көкке ұшырар қыраны –

Ұлы Дала бар қазақтың бақыты,,
Ұлы Дала мәңгі салар жыр, әні...

* * *

Елігіп кетіп айрылып қалып еркімнен,
Сезіндім содан махаббат – ауру дертін мен.
“Сүйемін” – дедім, – “сүйегім құрап қалғанша”,
Құтыла алмай келемін сол бір сертімнен.

* * *

Бал жазың өтер шырыңды сорып ақырын,
Қырау күз жетер боршадай қақтап, жасырын.
Күнәлі қылық, орынсыз ойдан құтқарар,
Көктемге кезек беретін қысқа бас ұрың.

* * *

Ойыңнан шықпай жатады кейде арманың,
Тістейді талай басқандар жаңсақ бармағын.
Қымбатсың сол шақ, қиялмен қала тұрғызған,
Өмір де өтер таусылған күні “Арман-үн”.

* * *

Келемін әлі жақынға, жатқа кішірмей,
Арыма таңба досымнан, жаудан түсірмей.
Ырзамын тағдыр, өкпе жоқ өмір – бәріңе,
Тек қана шақ қып Кісілік шапан пішілгей.

* * *

Жалынып кейде кетемін сонша Көкке көп,
Ойлаймын ойлар, шындыққа жақын, дөп пе деп.
Салсаң да мені тірілей талай талқыға,
Шыдарлық қайрат беріпсің, Тәңір, өкпе жоқ.

* * *

Мақтанасың – нәрестең алғаш күліп,
Шаттанасың – қаз басып, алғаш тұрып.
Қуантады ержетіп, отау тігіп,
Өміріңе өмірін жалғастырып.

* * *

Кездесіп қап Алланың сәтті күні
Нәзік сезім жалғаса араларын –
Өмір бойы өшпесе тәттілігі,

Ол – құдірет, бақытпен барабар үн...

* * *

“Жақсы” десе жанға жайлы тиеді,
Тән де балқыр, үгітіліп сүйегі.
Бас шұлғытып қоштаттыра беретін,
Қасиетті не деген сөз – киелі.

* * *

“Жаман” десе тіліп түсер жаныңды,
Сол сөз қандай өзгелерге нанымды.
Тек өзіңнен басқа жанға қиясың
Ол атаққа – батырыңды, ханыңды.

* * *

Ойлан, ұрпақ, дұрысыңнан қатең көп,
Қабылда тек ақ ниетті батам деп.
Тек ізгілік ата жолы әрқашан,
Тек ізгіні таниықшы атам деп.

* * *

Ауырсынбай емшектің жарасында,
Ұрпақ үшін жан қияр шарасызда,
Әйел бағы неде екен, ол бір жұмбақ,
Ана бағы ержеткен баласында.

* * *

Ей ағайын, тыңда саған наз айттым,
Ойла, қашан, қашан пейіл тазарттың?
Тоқыраулар заманда емес асылы,
Дәл өзінің санасында қазақтың.

* * *

Кешіре гөр өзімнің саусақтарым,
Аяп сені көбіне сау сақтадым.
Енді, міне, ештеңе тындырмасаң,
Қаласың-ау сендер де қаусап бәрің.

* * *

Келмедім деп өкінбе елден озып,
Жеткізбейді дүлдүлдер желден озық.
Өкінші тек дүбірге қосылмасаң,
Намыс қалса жібімей, жігер тозып.

* * *

Амандасшы шұрқырап, кісінесіп,
Аңғарарсың аужайын, іші нешік.
Кейбір қуыс кеуделер елу жылда
Кездесе де, тұрады-ау есінесіп.

* * *

Өмір сүріп үлгермей шын мәнінде,
Айналшықтап жүргенде туған інде,
Өте шықса ғұмырың түк бітірмей,
Ол өкініш, өйткенше тума мүлде.

* * *

Өмір-тағдыр, шынында шолақ екен,
Адам-пақыр – о да рас қонақ екен.
“Іңгә” десе болғаны, арты жылау,
Көзді ашып жұмады, сол-ақ екен.

* * *

Біреу келер өмірге шағым алып,
Біреу туар болашақ тағын алып.
Біреу жүрер солардың арасында,
Несібесін аңқаудың қағып алып.

* * *

Болды бабам ерекше сағынарлық,
Пір де бопты бас иер, табынарлық.
Бұ қандай шақ, о ғажап, таба алмайсың,
Тірі жанды, сырласар, шағынарлық.

* * *

Қасқырларды қынжылтпас басқа мұңы,
Кімге дәру ақынның асқақ үні.
Ал өмірдің бар мәні бір сезімде,
Бар болғаны бір тамшы жаста құны.

* * *

“Мен, мен” едім, дегенде “мен, мен” едім,
Жаза алмай сол сезімді емдегенім.
Тек сол ғана өзімшіл, қасарысып,
Ақылыма алпыс жыл көнбеген үн.

* * *

“Мен, мен” едім дейтұғын “мен, мен” едің,
Жалғыз сезім ардақтап жемдегенің.
Енді қайттың, байғұс-ай, қартайғанда,
Кісілігің қалмапты “емге” сенің.

* * *

Сүйе білген жүрекпен еміреніп,
Ере білген сезімге тебіреніп –
Тірісінде сол пенде өзі сезбей,
Жұмақ жайға жүреді небір еніп.

* * *

Күн нұрымен күлмеңдеп жайнайды аспан,
Жазсаң арнап лайық қандай дастан.
Жатқанын-ай қара жер қан түкіріп,
Адамдар мен адамдар майдандасқан.

* * *

О, ғажайып, соншалық өмір қысқа,
Алла ісінде мысал көп небір нұсқа.
Демес пе еді – қысқа өмір, тоймайтындар,
Кішік кешкен қорлықты, зәбірді ұқса.

* * *

Ой денені ақылмен қамап тұрар,
Ой басқарған денелер талап қылар.
Адам деген – ет пен ой, екі нәрсе,
Ойсыз дене тек қана тамақ сұрар.

* * *

Ой қысады денені құшаққа алып,
Шапшытпайды кейбірі, тұсап салып.
Сондай кезде бір шаттық керек шіркін,
Кетпеу үшін ойлы жан ұсақталып.

* * *

“Ағам - орыс” – дейтұғын жұрттан едік,
Тост көтеріп сол үшін ұрттап едік.
Арыла алмай келеді сонысынан,
Тарқамай жүр әлі күн “қыртта” “жерік”.

* * *

Келгенменен шомылып дертіне бір,
Бекер арман етпеппіз көркін өмір.
Алып келді сол арман ақырында,
Коммунизм орнына еркін өмір.

* * *

Кодекісін коммуна хаттаған Біз,
“Көсем” сөзін құрандай жаттаған Біз.
Бір қасиет табам деп бұл өмірде,
Бар қасиет үстінен аттаған Біз.

* * *

Ақ ниетті едік-ау сүттен де біз,
Болашақты ақжарқын күткен де біз.
Бәрі дерлік “халық жау” атанғанда,
Кімің аман қалды екен жұттан деңіз.

* * *

Өлі жеткен әлсізді қажап тұрар,
Төркінінде әр сөздің мазақ тұрар.
Бәрінен де – қорлықтан, зорлықтан да,
Тек ақыл-ой пендені азат қылар.

* * *

Бар тірлігім жастармен сырласқанда,
Мүмкін тиер пайдасы қыр асқанда.
Төрттағанға түгелдей еніп кетер,
Сыймай қалар талай ой бір дастанға.

* * *

Қолайлама тым жастай оңашаны,
Қауым – өмір, арманға жол ашады.
“Көппен адас” депті ғой аталарың,
Даңғыл болар көпшілдің болашағы.

* * *

Көп ішінде жақ ашпас сорақы бар,
Жалықтырар ойсыздар, дарақылар.
Тіршіліктің сәнінде үлесі жоқ,
Бұл өмірде, әйтеуір, құр аты бар.

* * *

Жігерсіз жан – жылауық, қайғышыл-ақ,

Басқа пәле үйеді жайды сұрап.
Танымасаң, өзінше о да биік,
Бастау алар – уайым, қайғы бұлақ.

* * *

Нашар туған – туғанын жамандайды,
Ілекерлеп бас сауда амалдайды.
Іс түскен күн кісіге асқар тау да,
Панасындай ағайын бола алмайды.

* * *

Арманынан соғылған аталардың
Бір сарай бар, кіруге бата алар кім?
Асыл Орда: қайырым қабырғасы,
Ізгіліктен есігі – аша алар кім?

* * *

Болат қанжар жатпайды қап түбінде...
Жайың қандай ей, мақал, тап бүгінде?..
Кісі дейтін кісіні өзі танып,
Жеттің бе екен, Заман, сен жақсы күнге?..

* * *

Мір оғындай мақалдар, пікір тегін...
...Құдығыңа су ішкен түкірмегін...
...Қолғабыс ет, әйтпесе, дейді мақал,
Кем етесің ұрпақты, бүкір белін...

* * *

Өмір сүрген екен ол, деп несіне,
Дайын болғай жауабың өкпесіне.
Айта алғайсың, өлсем де сенемін деп,
Ізсіз, түссіз жоқ болып кетпесіме.

* * *

“Күші адал есектің, сүті арам”,
Депті әуелден өз соры, бүкіл адам.
Соған сенген қасқырдан басқалары,
Еңбекшіні болмапты күтіп алаң.

* * *

Үрлей берсең отыңды өшірерсің,
Тағылады сонан соң жесір есім.

Ақиретте сен үшін жауап берер,
Күндей берсең көршіңді көшірерсің.

* * *

Аяғы лас былғайды төрге дейін,
Ондайларға, жарқыным, ерме кейін.
Аузы лас аямас Алланы да,
Былғап тастар бесіктен көрге дейін.

* * *

Мінезсіздер аяғын қырын басар,
Басқаларға тынымсыз заман жасар.
Бар ғұмырың сондайлар ыңғайында,
Ырылдасып ит пен ит амандасар.

* * *

Қонса шетте, біреу бар, көшсе артта,
Жүрер ылғи жем болып бөксе жатқа.
Сондайларды үйірге қуып тықса,
Арындылау айғырға өкпе артпа.

* * *

Атың барда пайдалан, жер шалып қал,
Асың барда аяма, ел танып қал.
Ел шетіне ер жетсе алдынан шық,
Ақылдының сөзінен енші алып қал.

* * *

Халық, сірә, бермейді дарынды ұға,
Ойлап қалар жел сөздің бәрін “дұға”.
Көбік ойға көңілі толып қалар,
Алмаса да сараптап, мәнін ұға.

* * *

Кесел кетсе емделмей, қалыңдана,
Жүрсең адам толтырып санын ғана –
Жазылмайтын жара жоқ анықтап ал,
Тәніңде ме сол дертің, жаныңда ма?

* * *

Байқатпас деп ақылдың тапшылығын,
Сәндесең де байлықпен “бақсылығын” –
Су құйғанмен теңізге бірдей депті,

Нақұрысқа істеген жақсылығың.

* * *

“Кітапсыз үй – бөлмедей терезесіз”...
Шаңырақсыз күркедей, керегесіз.
Даналыққа тұп-тура ұмтыласыз,
Кітап толы қол созып сөреге Сіз.

* * *

“Таза арың – ақ мамық, құс жастығың”...
Сондай болсаң Аллаңа ұқсастығың.
Қадірлісің заманға, адамға да,
Бар жақсыға сол ғана ұқсастық үн.

* * *

Білімсізді – ақымақ, пақыр деңіз,
Бұл қаттылау үкімде жатыр негіз.
Үйренгісі келмеген – одан да өткен,
Қойса лайық болады атын – доңыз!..

* * *

Қыбырлаған, қыбырлап қыр асады,
Жақсы ниет ақыры нұр ашады.
Мейірлі жан шуағы ерітеді,
Тас та тіпті түбінде сыр ашады.

* * *

Өнерлінің тілін тап, мінін таппа,
Көп жақсының тек қана бірін бапта.
Жатқа тізгін бермеңіз – “жақсы екен” деп,
Қарап қалар сасқанда, күнің жатқа.

* * *

Батыр болсаң мәрттік ет – жақсылығың,
Зікір салғын бар болса – бақсылығың.
Малыңды шаш бай болсаң, бірақ бәрі,
Толтыра алмас ақылдың тапшылығын.

* * *

Дана болар ақылды жеті жаста,
Қанша берсең дос болмас ниеті басқа.
Бір төсекте он кедей бірге жатса,
Сыйыспайды әлемге екі патша.

* * *

Сарқылған жоқ балалық қиял әлі –
Ұят қана өмірдің тиянағы.
Біздің ойды қостаған депті біреу –
“Ұятты жан иттен де ұялады”.

* * *

Сыйла әуелі өзіңді, өзгені емес,
Асқақ рух кемдікке төзбек емес.
Өмір бәрін ез етпек жалынышты,
Бар ғаламның мақсаты – Сізбен егес.

* * *

Ой бөлсек байлық, билік мағынаға,
Сол шіркін, сорыңа ма, бағыңа ма?
Бастауы қасіреттің сонда жатыр,
Бұлдап жүр іні – барын, тағын – аға.

* * *

Обал-ай, олақ озса іскерліктен,
Жауыңнан асып түссе достар тіптен –
Не дерсің, жанға балап алған жарды,
Аймалап құша алмасаң құштарлықпен.

* * *

Шорланса алып ұшқан бала көңіл,
Түс кетіп, көңіл жасып, солады өңір.
Жасарсың жетпіс, сексен, жүзін тіпті,
Жастық шақ кір шалмаған – сол-ақ өмір!..

* * *

Көп қой жігіт ішінде тарландары,
Арасында біреуі арлан бөрі.
Арлан бөрі ақситып тіс көрсетіп,
Өмір сүрер қолпаштап қалғандары.

* * *

Суырылып суыртпақ боп сезімдерім,
Тәнімнің сездім үнмен езілгенін.
“Голубой Дунай” сазы – Штраус –
Қонақ боп қайтқан Көкке кезім менің.

* * *

Құмар едім жүгіңнің ауырына,
Жауыр түсті арқаға, сауырыма.
Кешіре гөр, туған жер, мендейлерді,
Айналмаған жүрегі бауырыңа.

* * *

Тырысқанмен бір істі тындыра алмай,
Күрескенмен тентекті сындыра алмай;
Барады өтіп өмірім өкінішпен,
Таласқанмен шындықты шын қыла алмай.

* * *

Бұ тірліктің болмайды ма “Бас ұлы?”...
Байлық – билік. (Ақыл бұғып жасыды).
Кемеңгерді төмендерге талатса,
Шындық деген шындық па екен асылы?..

* * *

Өнерде орташалар – берері жоқ,
Тірлікке бейім келер – сенері жоқ.
Ерінбей шоқи берер қарға мінез,
Сондықтан алары көп, терері көп.

* * *

Қорланса қамкөңілді жұбата алмай,
Мықтыға иіп басты бұға салмай –
Сен – Намыс, Көкке неге құмар болдың,
Босатсам қанат қақтың шыға самғай.

* * *

Көңілден ақыл озбаса
Түбінде арың сотталар.
Қызғаныш шоғы қоздаса,
Кеудеге күйік от толар.

* * *

Жақындық жанда болмаса
Дос түгіл ұлың жат болар.
Ағайын жақын қонбаса,
Іргеңе таяу жат қонар.

* * *

Төбеге қолым жетпейді,
Көңілдің көктен зауқы бар.
Күн сайын арман көктейді,
Мүмкін-ау бір күн таусылар.

* * *

Ізгілік, парыз, армандар,
Парасат – Кісі келбеті.
Орындалмаған арман бар –
Сол ғана – көркі, ер беті.

* * *

Айтамыз кейде Біз біліп –
Өмірдің мәні – ізгілік!
Есуас міне шықты деп
Мазақ қыл, топас, Сіз күліп.

* * *

Құшаққа құшақ қауышар,
Жүрекке сезім жете алмас.
Айтып та сөзін тауысар,
Бақытты бірақ ете алмас.

* * *

Жылпостар күнде мақталар,
Мансапқор түбі тақ табар.
Көзтүрткі болған даналар
Өлгесін сөзі жатталар.

* * *

Тәңір! – Саған адал жан бар
Аналардың ақ сүтіндей!
Өмір! – Саған адал жан бар
Жас нәресте пәктігіндей.

* * *

Етегі – гүл, басы – мұз,
Күлі – темір, тасы – тұз:
Табиғат, сонша жұмбақсың,
Дал болды шарға басымыз.

* * *

Басында тәтті балдай боп,
Соңында зорлық қандай көп.

“Шүкір” деп, “шүкір” өтерміз,
Бақытты болған жандай боп.

* * *

Тән жақын, қалай жан алыс,
Түн жақын, қалай таң алыс.
Ілгері тартқан ақылды
Сүйрейді кейін санамыз.

* * *

Шұбырса ойлар жосылып,
Қаласың мәнін кеш ұғып.
Өзіме тартқан жайбасар,
Тіл қаттың, сезім, кешігіп.

* * *

Жүрекке жақын сарын бар,
Құшақта сұлу жарың бар.
Тағы да нені іздейсің,
Тойымсыз сонша қарындар.

* * *

Тойынса нанға бақ іздер,
Табылса орын тақ іздер.
Жиналса бәрі, түп-түгел,
Адам ба, адам, жоқ іздер.

* * *

Ұл бақыты – ошағы, анасында,
Ел бақыты – Отаны, санасында.
Асыл ердің бақыты – ел бірлігі,
Бақыттылар – өз қоғам панасында.

* * *

Ой деген жылдан-жылға сараланып,
Қиянға өз иесін барады алып.
Әлемнің бар кетігін бүтіндемес,
Дегенмен бір қажетке жарары анық.

* * *

...Сан түрлі бізге берер сабақ Құдай...
...Жалғыздық - өзің барар абақтыдай...

Пенденің бәрі жалғыз, бәрі жалқы,
Тірліктен өте алмассың қабақ шытпай.

* * *

Қорқыныш – жалғыз қалу осы бар мұң...
Ойға алсам, денем мұздап, шошынармын...
Ортаны олқысынып, өз бетінше
Танытып жүйріктігін жосылар, кім?..

* * *

Өткен шаққа кісі, әсте, өкінбек,
Іс тындырса ісін ойлап, бекінбек.
Жастық шағың кілең қате, қателер,
Алпыс-жетпіс тым алыста секілді ед...

* * *

Қос жиырма бес қоштаспақсың сен бүгін,
Ендігі өмір тіршілік қой кемді күн...
Қайран сезім жылдарым-ай, гүл бағым,
Сол базардан гүл жұла алар, енді кім...

* * *

Алпыс-Асқар алынбаған талайға,
Өмір қатал, тырбаңдатар қалайда.
...Қарын қамын қамдап бірі қалтылдап,
Біреу ие сән-салтанат сарайға...

* * *

Замандас ағамбысың, інімбісің?..
Бұ сөзде мағына көп жөнін түсін.
Құрдастың құрдастығы қала бермек
Берсе де кәрілікке өңін кісің.

* * *

Біздің өмір қатал сыннан тұрғанды,
Түк еместер мадақталды, жырланды.
Өтті күндер, енді дарын шырағы
Мақталмай-ақ, жап-жарық қып тұр маңды.

* * *

Ойлар, ойлар...

Ит мінезділер

Адам итті неге жақсы көреді?...

Ит адамға неге соншалықты берілген?..

Мүмкін болмыстарында үндестік бар ма екен?..

Сұрақтарымызға жауап іздеп көрелік... Адамдар – итті жақсы көреміз деп ойлайды. Бірақ өздері мойындағандай дәрежеде жақсы көрмейтін болар. Олай болған жағдайда адам “ит” дегенге арланбас еді... Ал иттің адамға сенімді серік болуының себебі оның адамға тәуелділігінде де, сүйіспеншілігінде де емес секілді. Ас құйғанның бәрі адамға табына кетер болса, асыранды қасқыр орманға қарап ұлымас еді... Асылы, үшінші сұрағымыздың күмәнінен үш сұрақтың да жауабы табылып қалар деп ойлаймыз...

Ит байғұстың адамға сонша берілуі оның саналылығынан емес, жаратылысынан. Ит адамды жақынсырап жақсы көрмейді. Тәңірдің, Жаратылыстың, бір сөзбен айтқанда Алланың бұйрығымен істейді...

– Ал адам пақырдікі не?..

Адамдікі басқалау. Адам саналы жаратылыс. Ол өз ақылымен ойлап, тіпті туған ұлын да бірде жақсы, бірде жаман көре алады. Бұлардың – өр кеуделісінен гөрі жер кеуделісін жақсырақ көруі, кемеңгеріне деген сүйіспеншілік сезімінен төмендеріне деген аяушылық сезімінің басым жатуы – ойлануға тұрарлық нәрсе. Адамға өзінен ақылдыдан гөрі өзіне бағынышты жан қадірлірек... Барлық биліктілердің өз қастарына ыңғайына көнгіштерді жинайтын қасиетінің астары да осы жерде жатқан секілді, Адам өзіне жұғымдыға құмар-ақ. Құйрығын бұлаңдата мүләйімсіп тұрған ит пен жағымпаз адамның арасынан айырма таба аласыз ба?.. Иттердің – өзі тұқымдас итті өшіге талайтын қасиеті адам аттылардың да төл мінезі...

Демек біздердің достығымыз бен сүйіспеншілігіміздің астарында, иттегі жаратылыс берген қасиет пен адамның өзгенің өзіне бағыныштылығын көргісі келетін өзімшілдігі жатырған секілді...

Үш ақиқат

Ақиқат іздеу біздерден ертерек туғандардың негізгі шаруасы болса керек. Түйе жүн шекпенін иығына аса салып, қолына бір күндік азығы сияр дорбасы мен ит қаппас таяғын ұстап сапар шегіп кете барған. Өз миының ойлау қасиеті мен ақыл-есінің жеткен мүмкіншілігін табиғат пен жаратылыс құбылыстарын салыстыру арқылы (бұл сөйлемді пенде әрекеті мен құдай жаратылысының арасындағы үндестікті іздеу деп түсініңіздер) ақиқатқа жетпек болған болар. Олар соның арқасында Қожанасырды өмірге әкелді деген болжам бар... Сонымен ақиқат деген не?.. Дұрыс адам деген кім?.. Барлық пендеге ортақ ақиқат бар ма?..

...Біздің түсінігімізше бірінші ақиқат – әр пенденің өз шындығы бар! – бұл нағыз ақиқат!..

Екінші. Қандай ақиқат болса да кей пенде оны өз шындығым деп қабылдай алмайды. Тіпті, “нағыз ақиқат” деп қабылданған Құдай тағаланың барлығына шүбә келтіреді...

Үшінші. Ақырға сену... Барлығы да сол күннің ерте ме, кеш пе басқа құрық саларына сенімді...

...Қалғанының бәрі талас...

Азамат парызы

...Азамат парызы. Өзін мен азаматпын деп санайтын әр қазақ өз мойнында – “Парыз” – аталатын қасиетті үш борыш бар екенін жан-тәнімен сезінуі шарт.

Алғашқысы – бұ дүниеге қазақ болып келген пенденің “Қазақ Елі” алдындағы Парызы... Қазақтар әзірге әлсіз, аз. Сондықтан да бұл кезең – интернациональдық борыштан гөрі ұлт қамын көбірек қамдайтын шақ, ол кешірімді де. “Мен қазақпын!” – деп, Жұбан ақын төсін қаққаны үшін бұ заман түгіл о заманда да оған ешкім ештеңе деген жоқ болатын.

Ұлтың қазақ, тегің түркі. Түркі тұқымдас қарындастарға ерекше бүйрегің бұрып тұрмағы жаратылыс заңы. Мағжан Жұмабаев :

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,

Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам... – деп, тек қана түркілігін емес гун тұқымдастығын мақтаныш еткен.

Үшіншісі – бүкіл адамзат алдындағы Парыз... Бұл жаратылыстағы барлық адам борышы. Бұны жетілген, өсіп-өнген, дамудың жоғарғы сатыларына көтерілген елдердің көбірек қолға

алатыны ақиқат. Дегенмен осы айтылғандар туралы ойламау, жалпы адам болып жаратылғасын адамзат алдында борышың бар екенін, қазақ болып туғасын қазақ халқының алдында борышың бар екенін ойламау нағыз Азамат үшін мүмкін бе?.. Салмағы омыртқаңа батарлықтай етіп өз арқаңа өзің жүк салып, оны өзіңе абырой-атақ алып берерліктей дәрежеде атқарып өтпей өмір сүру дегеніміз, ол – өмір сүруге берілген уақытты босына өткізу болмақ. Соныменен қасиетті үш “Парызың”:

Адам болып жаратылдың – адамзат алдындағы;
Тегің түркі – түркі тұқымдастар алдындағы;
Қазақ болып тудың – қазақ алдындағы... борыштарың...

Менің қорқынышым

”Адам түзелмейді дегеннің тілін кеспек болыпсыз” – данышпан ата...

Сіз, ең алдымен мені тілсіз қалдырасыз-ау деп қорқамын...

Қас-қағым сәт

Адамның ойы мен ақылы, сөзі мен ісі екі қалыптан шығады.

Бірінші қалып – адамның ойланып-толғануынан туатын іс-әрекеті...

Екінші қалып – адамның қас-қағым сәттегі шешімі... Мені осы сәт өте қызықтырады. Адам осы сәтте шынайы... Сол сәттегі ісі мен аузынан шыққан сөзі адамның табиғи болмысы. Байырғы уақытта өз болмысын жасыра алатындар сол сәтте табиғи болмысына қайта оралады...

Үйірім

Жаратылыстың тірегі не?.. Біздің алған біліміміз оны айналмалы қозғалыс деп түсіндіреді. Рас, солай болар. Ал айналмалы бірқалыпты қозғалыстың түбі неге апарып тірейді?.. Осы сұраққа жауап таппай, бірақ соған жауап берерлік табиғатта, жаратылыста бір балама бар-ау деп ойлайтынмын. Соған жақын арада кездесіп қалдым...

Немеремнің басын иіскемек боп еңкейе беріп едім... басындағы орайына көзім түсіп кетіп... космостан түсірілген дауыл күнгі бұлт суреті, ғажайып үйірім құбылысының көз алдыма келіп

тұра қалғаны... Тығыны ағытылған ыдыстағы судың айнала-айнала үйірімге қалай ұласатыны ойға орала кеткені... Осыдан барып табиғаттағы Құдірет жаратқан барлық тіршілік процесі көзге елестегендей... Олар:

Айналмалы қозғалыс;

Айналмалы қозғалыс күші туғызар үйірім;

Үйірім туғызар жаңа тарту күші;

Бұл бірте-бірте “қара құрдым” дәрежесіне жеткізетін болар:

Соңғы процесс – “қара құрдым” өз қуатына өзі шыдамай жарылатын болар;

Алла тағала: “Мен жерді тарыдай нәрседен жараттым” – деген ғой. “Қара құрдым” жарылып быт-шыты шыққан кезде тағы да тарыдайлардан таудай нәрселер пайда болып, баяғы айналмалы қозғалыс арқылы қалған тіршілік процестері жалғасатын болар...

Жаратушы осы жұмбақты бізге баланың басындағы орай арқылы, табиғаттағы үйірім құбылысы арқылы түсіндіріп тұрғандай...

Адамның басты қатесі

Бәріміздің де басты қатеміз – өзіміз өскен ортадан жоғарырақ ортада, өзің тұрған жерден атақтылау жерде бақыттырақ, атақтырақ бола алатындай сезімде жүретіндігіміз...

Өркениет

Өркениетті елдер әрекетіне, ел басқару дәрежесіне қолдары жеткен азаматтар ісіне сын көзбен қарағанда біздің ойымызға: өркениет дегеніміз – (кейбір мағынада) адамдардың жалпы адамгершіліктен, табиғат сыйлаған адамдықтан алыстай түсуі, оны жоғалта бастауы ма деп те қаласың...

Бардан жоқ пайда бола ма?..

Әрине болады... Мысалдар келтірелік... Шам сөніп қалды делік, жарық қайда жоқ болып кетті?.. Электрмагнитті тартқышқа ілініп жоғары көтеріліп бара жатқан темір, жүйедегі тоқты айырып тастаса, жерге түсіп кетпей ме... Тарту күші қайда кетті?..

Жоқтан бар пайда бола ма?.. Әрине болады...

Далада келе жаттың делік. Аяғыңның астынан бір үйірім (құйын) пайда болады да биіктей береді, биіктей береді... Кенет сөніп қалған шамдай жоқ болады да кетеді...

Адам аузынан сөз шықты... Қайда кетті?..

Адам басына ой келді... Оның орны қай жерде?..

Радиоактивті сәулеге адамды өлтіріп жіберердей күшті кім берді... Ол күш қайдан пайда болды...

Демек, жоқтан да бар пайда болады...

Жеңіл өмір

Пенде өз санасына сыймайтын жаратылыс туралы ойлана алмайтын болса, ол күнделікті “көже қарын” қамымен ғұмыр кешпек, соны қанағаттандырғаны үшін ләззат алып, рақатқа батар, қанағат сезіміне бөленер. Ойлана алатындар өзінің “мен” інен де құдіреттірек күш бар екеніне көз жеткізбек. Бұлар жаратылысқа бағыныштылық болмыс тауып, қолда барға қанағат ету сезіміне ие бола алар. Тірлікте осындай жандар жеңіл өмір сүрмек.

Байлық мәселесі

“Ең бай адам кім?” – деген сұраққа әркім өзінің білгенінше жауап қатары сөзсіз. Ал менің жауабыма кейбір кісілердің келіспеуі де мүмкін.

Бұ дүниедегі ең бай адам деп, немесе адамдар деп мен дүние байлығына қолы жеткендердің бәр-бәрін айта алмас едім. Олар ішінде де, әрине, менің түсінігімдегі байлар бар болар. Бай адам деп біз бұ тіршілігінде мынау ұлы жаратылыс ортасынан өзі өз орнын тауып орналасып, санасы “менің елім”, “менің жерім” деп айта алар дәрежеге көтерілгендерді жатқызуға болар деп ойлаймыз.

“Менің жерім” сөзінің мағынасына (қазақ баласы үшін) Атырау мен Алтайдың, Қаратау мен Ұлытаудың арасын түгел орналастыра алса, “менің елім” сөзінің шеңберіне аулының қойшысынан бастап Назарбаев пен Кекілбаевты сыйғыза алса – сонда сол кісі, шын мәніндегі бай кісі.

Мен өзім үш адамға қатты таңдана табынамын. Мохондас Ганди 37 жасында бүкіл адам пендесінің тіршілік ләззатынан бас тартып (тіпті жар төсегінен де), еліме бостандық алып беремін деп жалғыз көйлегімен ел аралап кетіпті. Аятолла Хомейни Иран елін билеуге қолы жеткенде өзінің бұрын тұрған екі бөлмелі пәтерінде

қала беріп, өлгенде сол үйінен шығыпты. Әулие ана Тереза – ол да бұ тірліктен өз орнын тауып алды. Сол орындағы іс-әрекетімен өзіне де, еліне де қуаныш сыйлады.

Бірақ бұлар тым жоғары өлшемдегі кісілер ғой дерсіз..

Аспаннан жерге түсіп барып байлық мәселесіне ой жүгіртіп көрелік... Әр кісінің ошақ басындағы міндеті – сол шаңырақ астындағыларға жақсы жағдай жасау. Осы міндеттерін адал, дұрыс атқарып, оны елі мен жерінің мүддесіне ұштастыра алғанның және сол орны мен ісіне өз көңілі қанағат таба алатындардың бәрі бай, бәрі бақытты.

Ол, Мен және Олар

Ол – Жаратылыс!.. Ол – Тәңір!.. Ол – Алла тағала!..

Мен дегеніміз – ол Мен. Олар деп отырғанымыз – Ол жаратқан менен басқа пенделер. Менің түсінігімше, бұлардың үшеуі де Ұлылар... Ойлау қабілеті бар кісі басқаларға осы үшеуінің ара қатынасы туралы не айта алар?.. Әр пенденің бар болашағын “Ол” алдын ала–сызып қоятын болса бұ тірлікте “мен” не тындырмақ, ал “олар” “Мен” деп көкірек қаққанға қандай әсер етпек?.. Дәл осы араны анықтай түсетін, түсініктілеу ететін жақсы ой қорытындысы керек-ақ сияқты.

Дауыл

Бір атақты пенде шығармасында: “...сұрайды дауыл күні-түн” – депті. Сол кісі не ойлаған?.. Дауылдан соң артында не қалушы еді... Сұрағаны болып, сондай дауыл орыс жерін шарпып өткенде артында ойраны шыққан елі, қираған қалалары қалған болатын.

Табиғат апаты мен саяси өмірдегі революциядан Құдай сақтасын дағы...

Алла тағаланың жаратылысына таласымыз жоқ. Ал адам қоғамына ең қатерлі қауіп төндіретіндер туралы ойланбасқа болмас. Олардың бірі кәдімгі күнделікті қасымызда жүрген таныстарымыз бен тумаластарымыз, бейтаныстарымыз бен ағайындарымыз болса, екіншілері тақ таласы жолында қандастарды қандасқа, діндестерді діндеске айдап салушылар; “Біз ел қамқоршыларымыз” – деп елді дүрліктіретін бақ құмарлар; солардың соңында кетер ойсыз айқайшылар...

...Осы тартыс қырсығынан Түркі қағанаты, Қыпшақ бірлестігі, Алтын Орда, Ноғай Орда, Қазақ Орда мемлекеттері құрыған болатын...

...Құдай тағала табиғаттағы дауылың мен ел өміріндегі таққа таластан туатын тап тартысыңнан сақтай гөр...

Елбасының ойы

Өзім елбасы болсам не ойлар едім, не тындырар едім?..

Ең бірінші ел қамын ойлап, мемлекет тыныштығын қамтамасыз етуге тырысатын болармын...

Кез-келген ел басшысына ұлт қамын ойламайды деп кінә тағу орынсыз таққан жала болмақ.

Ал егер Елбасы, әуелі, ел қамын қамдаудың орнына өз тағын орнықтылау ету жағын қамдаса, оған итермелейтін де, біздер, сол тақтан дәмесі барлар. Жан-жағынан түрткілеп, күш көрсетуге дайын екенімізді сездірген сайын, тағына қауіпті күшейткен сайын ол да содан сақтана түспек, ел қамынан тақ қамын арттыра түспек...

Менің қатем және оның қатесі

Мен өзіме шыншылдық, адалдық, турашылдық қасиеттерді таңып алып, сол арқылы басқаларға ұнамдымын деп ойлайтынмын. Менің өмір туралы түсінігімдегі басты қателерімнің бірі де осы екен – көп адамдардың тек қана “осы сәтімен” өмір сүретінін және сол сәттегі бетке айтылған жылы сөздің (өтірік те болса) сенің айтпақ бар шындығыңнан тәттірек қабылданатынын жас қартайғанда жаңа түсіне бастадық.

Биліктілер мен біліктілердің ескермейтін, не ақылы жетпейтін бір нәрсесі бар. Ол – аталарымыздың “құлдың да құрдасы бар” делінетін мақалынан туындайтын, бұ тірліктегі ең болымсыз, ең қарапайым жандардың да өз өмірі, өз қалауы болатынын білмейтіндігі, не білгісі келмейтіндігі.

Мен – қазақпын

...Мен ағылшын емеспін...

Құдайға шүкір, әйтпесе Африка жағасынан кеме трюміне мыңдап тоғытып, жолда жартысын қырып, Америкаға құл етіп сатқан жазықсыз жандардың қаны мен обалы, ата-бабам мойнындағы кешіруге болмас күнәсі, мені тыныш ұйықтатпас еді...

...Мен американдық емеспін...

Егер мен ол елдің азаматы болсам – жерін иемдену үшін елін жер бетінен жоқ қылып жіберген, бұ күндерде жұрт есінде заты түгіл аты да қалмаған сорлы елдердің мерт болғандарының рухы мені ой ойлатып қоймас еді...

...Мен неміс емеспін...

Жер бетінде екі рет дүниежүзілік соғыс ұйымдастырған елге арналған ел қарғысы маған жұрт бетіне тура қарауға мүмкіндік бермес еді...

...Мен француз емеспін...

Олай болған жағдайда орыс ормандарында үсіп өлген ата-бабаларымның мұз денесінің ызғары менің сай сүйегімді сырқыратып, жаныма тыныштық таптырмаған болар еді...

...Мен орыс емеспін...

Әйтпесе мен бұ күндерде аталарым соңғы 100 жыл ішінде қол астындағы 200-ден астам ұлттың тең жартысын тарих бетінен жоқ қылған елдің өкілі деген атпен өмір сүрген болар ем...

...Мен – қазақпын...

Мен сол үшін мақтанышпен: “Мен – қазақпын!”, – деп кеудемді соға аламын ба?.. Жоқ, соға алмайды екенмін...

Басқалар ірі жыртқыштардай басқаны жесе, мен қорқаулардай өзімді-өзім жейтіндерден екенмін. Біреу айтақтаса болды, алдымдағы “қазақтың ханы ма”, “қазақтың қарасы ма” – маған бәрі бір, жағасын жыртуға, өңірін айыруға даяр екенмін. Бұл сөздер, негізінен, “қазақ зиялылары” дегендерге арналып отыр. Олар ішінен не қазақ тіліне, не қазақ еліне шабуыл ұйымдастырушылар шығады да жатады. Біреулер елдікке шақырған бір мақаласын бастыра алмай, әлекке түсіп жатса, олар қазақты бір-біріне айдап салудың неше түрлі айлаларын сол баспа сөз беттерімен жүзеге асырып жатады...

...Кешегі алдына келгенге әкесінің құнын кешкен қазақтар енді ақыреттік жаулыққа кетіскен...

...Кеше ғана жаяу келе жатқан жатқа атын түсіп берген қазақ енді көрші қорадан мал ұрлайтын болыпты...

...Кеше ғана “желісінде жетпіс аруана боталаса маңдайы тайпақ кедей деп күлетіндер” енді қызы көркін сатып, жігіті өнерін сатып күн көрерлік халге жетіпті...

...Бір ауыз сөз арына тиіп, ұяттан ел асып, жер асып кететін қазақты енді ел болып ұялта алмайтын халге жетіппіз...

...Сонда мен “мен – қазақпын”, – деп қалай мақтана аламын, қалай тыныш ұйықтай аламын?..

...Мен – адаммын...

Бірақ мен неге бар жаратылысқа жарқын жүзбен қарай алмаймын?..

Қалай қарайсың? Өскен, өркендеген елдеріміздің тарихтағы іздері әлгідей болса, жетісеміз дегендердің бүгінгі тірлігінің мысалы қазақтардай болса...

“Мен – қазақпын”, – деп емес, тіпті “Мен – адаммын”, – деп, мақтанудың өзіне де әлі ертерек секілді...

Мемлекеттік көрсеткіш

Кез-келген мемлекеттің адам сүйгіштігі мен адамға қамқорлығы сол елдің жинап алған астығы мен салынып жатқан құрылыс жобасына тура пропорционал болса, кеңсе төрелерінің (чиновниктерінің) әділеттілігі мен парақорлығының жобасы да сол елде болып жатқан қылмыс пен түрмедегі отырғандар шамасына тура пропорционал мөлшерде деп шамалауға болар.

Жақсылық бағасы

Біреуге жақсылық жасаған адам өмір бойы сол кісіге жақсы кісі болып қала ала ма?.. Жақсылық көрген кісі оны өмір бойы жақсылар санатына қоса ала ма?..

Көбіміздің тілімізге “әрине” деген жауаптың үйіріліп тұрары сөзсіз. Ал өмір кейде басқа, астарлы жағын да байқатып қояды. Аш кезінде бір тойдырған кісі көп ішінде кездескен сайын тек соны ғана еңгімелеп отырар болса, кейбіреуді сол – бір тостаған көжені ішкенімнен аштан өліп қалғанымның өзі дұрыс еді дейтін халге жеткізер. Сол кездегі құны бір кісінің өміріндей жақсылық еткен кісі уақыт өте келе көп ортасында ең жек көрінішті жанға айнала бастар. Сонымен жақсылықтың да жамандықтың да, уақытқа байланысты құны өзгеріп тұрмақ.

Өмір және тіршілік

Өмір дегеніміз не?.. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі кезеңнің бәрін сүрген өмірге жатқызуға бола ма?.. Бізге бір ой келіп отыр – жаңағы уақыт аты өмір емес, тіршілік. Мысалы, Сайын деген ақсақал 1941–2030 жылдар арасында тіршілік етті, өмір сүрді емес.

Ал өмір сүрген уақыт деп әр пенденің **өз көже** қарын қамын “елім”, “жерім” деген **көңіл қарын** қамынан туар мақсаттарға ұштастырған күннен бастап, сол мақсат сөнген күнге дейінгі аралықты жатқызуға болар.

Сенім мен дін

Пенде біткеннің бәрі де біреуге табынады.

Бірі – Құдайға. Олар діндар жандар, діндарларға сенуге болады.

Бірі – ережеге. Бұл санаттағылар қоғам ережесін бұлжытпай орындап, басқалардан да соны талап етеді.

Үшінші біреулер күштіге табынады, жеке адамдарды әулие тұтып, соның ыңғайымен өмір сүрмек.

Ешкімге табынбайтындар да баршылық. Бұлардың бірі барлығына қарсылар. Көзі көргенді, құлағы естігенді – бәрін қаралап, бәрін күйелеп тастайды. Ал табынбайтындардың енді бір тобы – ішкі сарайлары тап-таза, жап-жарық, ап-анық. Ешкімге бас та ұрмай, ешкімге жамандық та ойламай өмір сүреді. Олар адалдық пен тазалыққа табынады.

...Мен дінге сенемін бе?.. Сенетін сияқтымын. Әкелерім діндар кісілер еді. Бір Тәңірге, Бір Аллаға, Бір Жаратқанға табына өмір сүріп келе жатқан сияқтымын...

...Мен мұсылманмын ба?.. Мұсылман сияқтымын. Үгіттей жүремін, абыройын қорғауға әрқашан дайынмын.

...Бірақ мен де бір ойға беріле беремін. – “О жақта” ақырет күні басқа түскенде, періштелер әр пенденің тіршіліктегі сауабы мен күнәсін салыстырар кезде олардың діні есепке алынбайтын секілді. Адамның адамгершілік көрсеткіші – жасаған жақсылық ісі мен ойлаған адал ойы болатын болар деп үміттене беремін...

Орта мен қоғам

Адамгершілік деген не?.. Біздер бұл сөзге барлық ізгілік іс пен адал ниетті, қайырым мен кешірім қасиеттерді таңамыз.

Қасиетсіздік не?.. Бұл сөзге де көп нәрселерді ілестіреміз.

Осылар пендесіне әуел баста Құдай жаратқан қасиет пе?.. Әлде әр адам өзінің ұзақ өмірінде өскен ортасынан, алған тәрбиесінен, қоршаған қоғамынан бойға дарыта ма?..

Адам пайғамбар өзін жаратқан Алла тағаланың сөзін аяққа басып, ұрықсат етілмеген әрекетке бармаушы ма еді?.. Өз өмірінде

еш ортада болмаған, еш қоғамнан тәрбие алмаған Қабыл Абылды өлтірмеуші ме еді?..

- Сонда адам кім?..
- Адамгершілік не?..

Адам деп жүргендеріміздің өзі екі түрге бөлініп жүрмесін. Алла тағала жаратқанда адамдардың бірін періште, бірін сайтан етіп жаратады емес пе екен?.. Олай дейін десең, алдыңа алып отырған екі нәрестенің бірін жаманатқа қиғың келмейді... Олай демейін десең...

Адам пайғамбарды күнәсі ар еткен қай қоғам?..
Қабылды қанішер еткен қай орта?..

Қазақ қамын кім қамдай алады?

Қазақ қамын ойлай алатындарды үш топқа бөлелік. Біріншілеріне жоғары мансапқа ие, екіншіге орта мансаптылар, үшіншісіне қарапайым қазақтарды алалық. Ұлттың ұлттық формасын сақтап қалуы үшін осы үш топтың қайсысы елге пайдалырақ?.. Қайсылары қандай міндет атқара алады?.. Алғашқылары – көп ұлтты елді басқарып жүргендіктен бұра тартып қазаққа жағдай жасай алмақ емес. Көп ұлтты елде ең басты мәселе – ұлттар достығы, ел тыныштығы. Олардан қазақ ұлтына арнайы жағдай жаса деп талап ету, ұлттар арасында араздық туғызуға итермелеу деген сөз болып шықпақ. Ал орта мансаптылар ұлт үшін қауіпті адамдар. Олар жалтақтар. Ұлтына жаны да ашиды, мансапты орнын сақтап қалуға да тырысады. Жел қай жақтан соғады деп, алақтаушылардан, жалтақтардан ұлтқа түсер пайда шамалы. Ал үшінші топтағылар, қарапайым қазақтар жоғалтар мансабы жоқ болса, алдындағы топтар үшінші топтағылардың ойлаған ойы мен сөйлеген сөзі үшін жалтақтамайтындай қоғам орнатып берсе, қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап қалу үшін еңбек етулері қажет. Әр істеген ісінде, әр ойлаған ойында болашақ ұрпақ өздерінің ұлттық болмысын қалай сақтап қала алады деген мүддені басшылыққа алғандары жөн. Олардың әрқайсысы үш сұраққа мүдірмей жауап бере алулары керек:

- Біз қазір қандаймыз?..
- Ертеңіміз не болады?..
- Ұлттық жаратылысымызды сақтап қалу үшін не істеуіміз қажет?..

Адам мен Табиғат

Жер бетіне Адам мен Табиғат сиыса алмауға айналды. Адам өзін Қожа санап ойына келгенін істемек болады. Ол улы тыңайтқыштар ойлап тауып жерге себеді, ал Табиғат та қалыспайды, есесіне бұрын болмаған бір ауруды ойлап тауып сыйға тарта қояды. Адам қуатты бомба жасап жердің жанына батыра, қоң етіне бойлата жарылыс жасайды. Табиғат та қалыспайды, Адамның өз қаруын өзіне қарсы пайдаланып, жарған бомбасының сәулесімен-ақ өшін алады. Жер бетінен Адам мен Табиғат әзірге үндестік таба қойған жоқ. Оның жалғыз себебі бар...

...Табиғат – Ұлы, ол адамдарға бас имейді. Жоғарыда келтірген мысалдардай адамның әрбір қате басқан қадамына қарсы Табиғат та – жазылмайтын рак, спид, қан аурулары, жүрек аурулары секілді жазасын қолданып, тәртіпке шақырады. Әзірге Адам оны түсіне алмай келеді. Олар өздерін Ұлылардың Ұлысындай көреді. Табиғатты қолдан жасап та аламыз деп ойлайды. “Ақша бәрін де жасайды”, – деген мақал шығарып алыпты. Қорытып айтқанда Жер бетіндегі екеу – Табиғат пен Адам бір-бірімен үндестік таба алар емес. Табиғаттың адамға бағынбайтыны белгілі болды. Қазіргі кезде адамдар ақылының толыққан кезі. Адам өзінің Табиғат баласы екенін мойындап, кішілік ететін кезі дәл осы мезгіл. Ақиқат жалғыз, ол – Жер бетіне Табиғат пен Адам үйлесім тапқанда ғана қатар өмір сүре алады. Сондықтан да Адам Табиғаттың әкелігін мойындап, өз басының қамынан бұрын өке жағдайын жасауға тырысуы қажет.

Осы мақсаттағы алғашқы қадам, ол – жеке кісілердің шектен тыс бай беруіне шек қою. Ол үшін БҰҰ жеке кісілер байлығының жоғарғы шегін бекітіп, сол жобадан асып бара жатқан бар байлықты табиғатты күтуге бағыттайды. Оған негіз – адам бар байлықты Табиғаттан алады. Осы Заң күшіне енгеннен бастап шексіз байлыққа құмарлар өз табыстарының бір бөлігін Табиғатты қалпына келтіруге емес, Табиғатты сол қалпында сақтауға жұмсайтыны сөзсіз.

Жаратылыс мағынасы

...Ел “азамат” деп ат тағып, “кісі” деп құрметтейді. Жыл дейтін есепші бесінші ондықтың соңғы жылын шотына салып, күнде бір тасын Жаратылыс есебінен сенің пайдаңа тарс еткізеді. Жылдан

соң, жылдар өтіп жатыр. Жаңа жылына, осы жылы не тындырдым деп ойланбастан, қуанатындар бар. Жаңа жылына, тағы бір жыл ғұмыр сүргеніне қанағат ету орнына, бір жылға қартайдым деп өкінетіндер бар.

...Алпыс жас... Ел алдында есеп беріп, өздерін Азамат, Кісі атандырғанда өзінің сол атақтарға сәйкес болғандығын дәлелдейтін, елдің бұған сондай атақтар таққанда, онша қателеспегендігіне көздерін жеткізетін шақ... Сол күн туралы ойға берілгенде көкірегіңдегі қанағаттану сезімдері “тәубә”, “тәубә” дегізудің орнына, өкініш сезімдері көбірек билік құрып, өзінді жаңа ойларға бастап кетеді екен...

...Ғұмырыңның өнегелі өмір мен құдіретті өнерге жұмсаған бөлігі неге тоғышарлық пен қарын қамын қамдауға арнаған бөлігінен әлдеқайда кем түсіп жатады?.. Неге әр заманның озық ойлылары өз тұтастарының тоғышарлығы туралы күрсіне қайғырады, күңірене жазады?.. Әлде тоғышарлықпен күресу пенде ақылсыздығының бір көрінісі ме?.. Мүмкін Құдай тағала ізгі, қанағатшыл, өз басынан өзге жайын кем ойламайтын, қарын қамынан көңіл қамын көбірек қамдайтындардан – қомағай, тойымсыз, күншіл, өсекші, тек қана “мен”, “менікі” деп өмір сүретін жандарды Жаратылыс тіршілігінің негізгі бөлігі ретінде өмірге көбірек әкеле ме?.. Сонда қалай, алдымен аталғандарға тек қана тоғышарлар тіршілігіне көрік беру міндеті жүктеле ме?.. Дәл осы арада талай дананың басын қатырған баяғы ескі сұрақ қалқып шыға келеді: “Саналы тіршіліктің мағынасы не?”... Оның бұ жаратылыста алатын орны қандай?..

...Адам үшін ғана еңбек етер қоғамды құру мүмкін болмаса, адам көкірегін көріктендіруге тырысқан озық ойлылар еңбегі “арамтерлілер” еңбегінен әрі аса алмайтын болса – онда бүкіл жаратылыс тоғышарлар үшін жаратылып, жаңағы “арамтер” иелері де тек қана тоғышарлар үшін өмір сүрмек пе?.. Олай болса “озық ойлы” деп ат тағып отырғандарымыздың бәрі де түбі тоғышарға айналып тынбай ма?.....

...Шыныменен саналы жаратылыс мағынасы неде?..

...Барлық табиғат адамдарды асыраймын деп әлек, ал адамдар аз күн тірлігінде не үшін әлектенбек?..

...Дегенмен тек қана осылар туралы ойланғанның өзі өміріңе нәр беретін ерекше құбылыс...

Аңқаулық және өкініш

...Жас ұлғайған сайын өткеніңді ойлай отырып, өзіңнің кейбір істеріңнен қате табасың және сол уақыттарда ой теңізінің бетіне

өкініштен желкен таққан кейбір ұсақ бөлдіркелер (бір кісілік қайық) қаптап кетеді... – Өзіңнің ақиқат деп қабылдағаныңды қасыңдағы ең жақын адамдарыңның қабылдамауы өкініштің ең үлкені екен... Кездескен жанның көбі есебін тауып бір алдап кетпекке құмар-ақ... Мен неге бәрінен алданып қала беремін?.. Осы уақытқа дейін барлық уақытта өзімнен өзгені көбірек ұлық тұтыппын. Бәрі асқартаудай көрінетін. Таныса келе, кей бірінің алдатөмпектен биік емес екеніне көз жетіп, тіпті іші шіріп жатқан сол төмпешікке жолауға жиренесің... Бұл ойлардың арғы жағында бір қадам жерде тоғышарлық ауылы да алыс болмас... Неге адам өзіне-өзі сену қасиетін тым кеш мойындайды екен... Бұл әлде менің ғана өкінішім бе?.. Шеті жоқ өкініш...

...Өзіммен кетер ең үлкен өкінішім: ол – басымызға қонған азаттық бақыты сәл ертерек: жастау, бойда қуат, ойда нәр көбірек кезінде кездеспегені... Мүмкін бойға біткен күш-қуат пен ойдағы арман-мүддені дұрысырақ пайдаланып, көбірек іске асыра алар ма едім?..

Алдау мен алдану

...Неге адам пендесі бәрі бірдей бір-бірін алдауға құмар?.. – Ой, сен бүгін жайнап кетіпсің ғой!.. – дейді біреуі. – Рақмет! – дейді екіншісі, өзінің жайнап тұрмағанын он жерден сезіп тұрса да. Өзге біреудің өзін әдейі алдап тұрғанына риза болып, тіпті, рақметін айтады.

...Адам пендесі алданып қалуға құмар-ақ, әрине оған айтылып жатырған сол азғантай өтіріктің оның жеке басына заттай шығыны және кісілігіне зияны жоқ болса.

“Айта берсін, дейді, – оған менің не шығыным”...

Міне дәл осы арада кісінің кісілігі мен сол кісінің өмір сүрер қоғамының қаңқасы анықталады, сол арқылы қоғамыңның жалпы сұлбасы белгіленеді... Ешкімге зияны жоқ секілді, әлгі айтылғандай азғантай өтірік үрім-бұтақ зәузатыңды, бота-тайлағыңды, ауыл-аймағыңды, шексіз-байтақ қауымыңды жайлап алады...

Ол біз қабылдайтын мәдениет емес. Осындай ұсақтардан адамдар көлгірге айналады... Ертең қолдарына тиер кез-келген билікті көлгірлікпен пайдаланбақ, қоғамды суайттар қоғамына айналдырмақ. Өмір бойы өздері өтірік айтқандарға қосылып алданып келгендер де енді ештеңеге сенбеушілерге айналады...

...Қоғамға ең қауіпті адамдар: “Өтірік те болса бір ауыз жылы сөзін қимай ма”, – деп, өзгелерді өтірік сөзге, жалған сезімге итерушілер. – Сіздің түріңіз бүгін ерекше әдемі екен, – дейді біреуі.

– Сіздің де өңіңізді мына көйлегіңіз ашып тұр ғой, – дейді, екінші өтірікші...

...Қазақтар бұ күнде қазақша амандық-саулық сұрасуға арланады, ал әлгідей өтірік айта алатындары баяғыда-ақ өздерін мәдениетті, тәрбиелі кісілер санатына жатқызып қойған...

...Теледидардан: “Мен ел атынан сөйлеп отырмын, мен халық ойын айтып отырмын”, – дейтіндер бұ күнде екінші бірі.

...Халықтың ойы бола ма екен?.. Оны кім, қалай анықтай алмақ?..

...Халықтың ойы болмайды, болса анықталмайды. Бар халық ойын айту мүмкін емес, тек қана олар атынан, ел атынан сөз айтуға болар. Ол билікке өз шеңберінде сайлау арқылы дәрежелі болған мансаптылар ғана ие, бірақ ол да ел ойын айтпайды, ел атынан сөйлейді.

...Елдің ойлаған ойы, толғанған ақылы болмайтынының бір дәлелі – көпшілік барлық уақытта да өңмендеген өлерменнің, “өтірікті шындай, шынды жымдай” ететіндердің, айқайшыл тасырдың, әупірім әумесердің жетегінде кететіндігі. Сондықтан да Абай данышпан “единица” мен “нөл” туралы түсінік тудырған.

Ойлы мен ойсыз

...Пенде санасына сыймайтын “Жаратылыс” атты құбылыс туралы ой толғайтын әр адам өзінің сүйікті “мен”-інен әлде қайда жоғары тұрған күш бар екеніне көзі жетер еді.

Ойланған пенде ой қорытындысымен амалсыз өзінің “құдайдың құлы” екеніне көз жеткізер еді. Тек осы ұғымға бағынған жан ғана санасына Құдіретке бағыныштылық сенім мен жанына қанағат сезім ұялата алады.

Ойсыз кісілер, “соқыр тауыққа бәрі бидай”, өзінің күнделікті іс-әрекетінен өз “мен”-інің разы болған жобасынан тоятын тауып, ләззатын алып жатпақ.

...Ал ойлана білетіндер – баяғы Сократтан бастап, кешегі Эйнштейнге дейінгі, қандай ұлымын дегендердің бәрі де, Құдай бар екенін мойындаған, оның Құдіретіне табынған.

...Күш пен Құдірет табындырмай қоймас...

Экология

Сан ғасырлар бойы қамқоршысыз, жан ашырсыз қалған қазақ жері – нағыз қасіретті жер. Бұ заманда Аралы құрғап, Балқашы

ортайып, ондаған өзенінің арнасы тартылып, мыңдаған бұлағы сарқылып, жері бір кездердегі түрін жоғалтқан. Қан тамырлары осындай дертке ұшыраса, денесі де толы мерез жаралар. Оларды емдеп жазу қазіргі біздің мүмкіншілігімізді еске алсақ, мүмкін емес шығар. Не де болса, тірі тән денесіндегі емделмеген жараның азып-тозып, іріңдей, құрттап-биттеп жүріп ақыры жазылатыны сияқты, жер мерезін де уақыт ақыры емдеп жазғанға дейін іріңдеген жара күйі қала беретін болар...

Сонда бізге қандай міндет жүктелмек?.. Жеріне жаны ашитындардың, біздердің басты мақсатымыз – ескі жараның асқынып кетуіне және жаңасының пайда болуына жол бермеу. Осындай әрі оңай, әрі қиын шаруаны қалай тындыруға болар?.. Ашығын айтсақ, ендігі жерде Жер бетіндегі бар тіршілік тек қана осы шаруаның қорытындысына тәуелді...

...Бірақ, өз еркімен тер төгіп жүргендер де, бұл мәселені шешу үшін мемлекет қаржысы сеніп тапсырылғандар да әлі күнге, бүкіл Әлемдік маңызы бар осы шаруаның:

– Экология – атты немесе

– Жаратылысты жаратылған күйінде сақтап қалу – деп аталатын, ерекше, қолмен емес, жүреппен сезіне жүріп істейтін бұл шаруаның алдында жатқан алынбас қамал, беріспес бекініс бар екенін, ол туралы “аттан” салу қажет екеніне не батылы жетпейді, не ақылы жетпейді. Экология мәселесін шешу жолындағы әлгі атағандарымыз – қолында билігі барлар мен қалтасын сол арқылы қаржыға толтыратындар. Сондықтан да бұл мәселені шешу барысында “Жаратылыс сұранысы” мен “Адам құлқын” (адамның қомағай да тойымсыз құлқын) қоса қарастырмай, ешқандай нәтижеге жету мүмкін емес. Бәрі де бос сөз, босқа жұмсалған қаржы болып қала бермек...

...Табиғатта бәрі егіз... Жалғыздық тек Аллаға жарасқан... Сол сияқты жаратылыс та егіз – саналы, санасыз... Адам болмысы да жаннан және тәннен тұрады... Сонымен, “Экология” мәселесін қолға алмай тұрып, негізгі түсініктерді егіздеп алалық...

Жаратылыс – саналы және санасыз.

Санасыз жаратылыс – Жер және Аспан.

Саналы жаратылыс – адам тәні және адам жаны.

Жер мен адам тәні.

Аспан мен адам жаны.

Осы ұғымдар мағынасын бойға сіңіріп алып енді “Экология” мәселесіне кірісіп қаралық. Бұл мәселені соған қатынасушыларды тұтастыра қарамай, еш нәтиже шығара алмайсыз. Қатысушылар

екеу – Табиғат және Адам. Олай болатын болса, бұл мәселені бөліп, жекелеп қараған дұрыс болар.

Экология – Табиғат және Адам экологиясы.

Табиғат экологиясы – Жер және Аспан экологиясы.

Адам экологиясы – Тән және Жан экологиясы.

Жаратылыс, экология мәселелерін қарастыра отырып оңай көз жеткізуге боларлық бір нәрсе – Жер мен Тәннің, Жан мен Аспанның бір-бірін жұптастыруға сұранып тұрғаны. Демек, тәннің жердікі, жанның аспандікі екенінің бір дәлелі осы да болар...

Біздердің, адамзат баласының алдында экология мәселесі бойынша, сандаған сұрақтар туындаған. Солардың ішінен тек қана үшеуін таңдап алып, соларға жауап беріп көрелік...

– Жаратылысқа қауіп төндіріп тұрған кім? – Адам!..

– Жаратылысты кім қамқорлай алады? – Адам!..

– Жаратылысты кімнен құтқару қажет? – Адамнан!..

Сонымен біз “жаңалық” ашыппыз. Барлығын туындататын да адам екен, шешетін де адам екен. Мәселенің басы ашық. Енді тек қана шеше салуы қалған сияқты... Жоқ!.. Барлық кілттипан қазіргі айтылмақ ойда...

...Экология мәселесін қарастырғанда, адамдарды екі топқа бөліп, жігін ажыратып, әр топтың Жаратылысқа тәуелділігі мен тигізер әсерін нақтылап барып қараған кезде ғана дұрыс шешім таба аларсыз.

Бірінші топ: Мемлекет басшылары, жоғары мансаптылар, аса ірі байлар.

Екінші топ: қалың ел...

Бұл екі топтың өкілдері де, өз мүмкіндіктерінше, қолдарынан келгенінше, саналы, санасыз қылықтарымен табиғатты бүлдіруге, жаратылысты жаралы етуге өз үлестерін қосып жатады.

Екінші топтағылар – ағаш бұтағын сындырып, құдыққа түкіріп, көшедегі көгалды таптап... деген сияқты болмашы істерімен бүлікшілікке үлестерін қосып жатса, бірінші топтағылар бүкіл Әлемдік апатқа соқтырар шешімдер қабылдап, дүниенің төрт бұрышын тәрк етіп жатады. Бір-екі мысал келтіре кетелік...

...Күн энергиясы мен су энергиясын пайдалану мәселелерін қатар қойғанда олар қате шешім қабылдады. Соның қырсығынан шеті жоқ жасанды көлдер пайда болып, жер беті тұздана бастады да, адам пайдасына аспай қалды. Енді бір жерлерде бұлақтар мер көлдер кеуіп, жайылымдар мен ормандар келмеске кетіп жатыр. Бұлар биліктілердің қате шешімінен туындаған қасіреттер, қастандыққа тұрарлық қателер... Ал біле тұра, қастандық істеп

отырғандардың Ел мен Жерге тигізер залалының жобасын есептеп шығу мүмкін емес...

...Кей біреулерін атап өтелік:

Атом бомбалары...

Су астындағы жарылыс...

Аспандағы жарылыс...

Улы заттарды пайдалану...

Жаппай химия...

КГБ мен ЦРУ...

Ұлы мемлекет атану жолындағы бәсеке...

Елді арақпен суару...

Елдің ары, адалдығы – Құдайға сенуінен айыру...

Пайданы көп табу мақсатында тазартылмаған түтіндер мен улы газдар... Бәр-бәрін санап шығу мүмкін бе?..

Кім кінәлі деген баяғы сұрағымызға қайта оралалық. Оған жауап берілді. Адам!.. Бірақ біз адамдардың қайсысы екенін анықтап алдық. Енді баяғы елді мезі қылған ескі сұраққа тағы бір оралып көрсек – не істеу қажет?..

Жалпы айтпағымыз – экология деп айдар тағылған барлық мәселелерді шешудің бір-ақ жолы бар екенін ескерту... Әуелі, басшылар мен барлар деп аталатын қоғам мүшелерінің “жандарының экологиясын” түзетіп алмай тұрып табиғат экологиясына жұмсалған ел қаржысы ешқашан күткен дәрежеде нәтиже бермек емес...

Қорытындылай келгенде, айтарымыз – әр қоғам ең алдымен қоғам мүшелерінің жан сұранысы мен тән мұқтажын өтей алатындай, олардың жан дүниесі мен тәнінің экологиялық дағдарысқа ұшырамауын қамтамасыз ете алатындай адам аралық ереже, адам мен табиғат мұқтажын бірдей қамтамасыз ете алатын бір-біріне деген сүйіспеншілік, ең ақырында, соларды бұзушыларға қатаң жаза қолдана алатындай аяушылығы аз заң...

...“Адам экологиясы” жөнге келтіріле бастаса “Табиғат экологиясы” деген мәселе адам үшін де, табиғат үшін де өз мағынасын жоғалта бастамақ...

Түсініксіз сұрақ

Адамдардың мінін айтып жазғырған досынан біле тұра көлгір сөйлеп азғырған жауын жақын тартатыны неліктен?..

Заман мен адам

...Заман және адам... Бұлар бір-біріне әсер етіп өздері өзгесінің құрылымын, болмысын, мағынасын өзгертіп тұрады. Тек қана адамдарға заманды өзгерту үшін ондаған, жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар қажет болатын болса, заманның адамды өзгертуі үшін уақыттың да, ештеңенің де қажеті жоқ, бірден өзгерте салады...

Бақыт

...Бақыт... Бұның өзі адам үшін тез өзгеріп тұратын құбылыс. Нәресте кезінде ол – қасыңдағы ата-ана... Махаббат буына елтитін шағыңда ол – сүйіп қосылған қосағың... Ендігі жерде әлгі айтылғандар кісіні бақытты етуге жарамайды... Ендігі бақыт әр пенденің өмірге көзқарасына, қоғам қалыптастырып берген санасына, пенденің өзі тігіп алған арман отауының мән-мағынасына байланысты... Қалған ғұмырыңда жаңағы айтқан әркімнің өзіне арнап тіккен арман отауына өз үйіндей боп кіре алатындар табылса, ол отау иесіне дос та, жолдас та, бауыр да... Адамның бірге туған ағайыннан алыстар шағы да, кешегі доспен қастасар шағы да осы кез... Оның бақыты енді өзіне емес, өзгелерге байланысты болып қалады... Біреулер байқамай өз арман-отауының есігіне ашылуы күрделі құлып салып алып, өмірін өкінішке, жанын жалғыздыққа алдырады... Ондай отауға ешкім кіріп-шықпайды... Ал, шындығында, бұның бәрін түсінікті тілге аударсақ, бақыт деген – өзің сүйіп істейтін ісің... Соның жемісі... Әрине, сол істі өзіңмен рухтас кісілермен бірге жүріп атқарсаң бақытың, қуанышың молырақ болмақ...

Құдайдың құлы, Мұхамбеттің үмбеті

...Құдайдың құлы, Мұхамбеттің үмбеті... Мұсылман болам деген пенделер тек қана ислам дінінің кәусарынан қанып ішіп қана қоймай, адамгершілік ілімінің – жанын ізгілікке, пейілін қанағатшылдыққа жеткізер жолдарын басшылыққа алып отырса ғой шіркін... Ойлап қарасақ, мен мұсылманмын дегеннің бәрі бақытты ма?.. Олардың көбі мұсылманшылықты теория жүзінде мойындайды да, мен мұсылманмын дейді... Ал нағыз мұсылман – ол ең бақытты жан!.. Жаратылыс туралы ой толғап – “Мен, Мен” деген, кісі жанын кеміріп жіберер, өзмшілдіктің жегі құрт сезімін

ауыздықтап алып, өзінің менінен де ұлы – Алла тағала атты Құдірет бар екенін бойына сіңіріп алып, жанына ізгілік, пейіліне қанағат сезімін егіп алып өмір атты соқпаққа түсіп кетсінші... Ондайларды өмір де өкпелетпейді, тағдыр да адастырмайды.

Парыз

Парыз!... Бұл – биссімілладан кейінгі адамшылыққа бастар ең ұлы сөз! Адам ақиқатты да, мәдениетті де сенен таппақ. Парыз мағынасын түсініп, өз парызын адал өтеуді ойлаған жан сол сәтте пенделік болмысынан азаматтық биікке бірден көтеріледі.

Кісінің кісілігі оның өз парызын қалай түсінгендігімен, қалай атқарғандығымен бағаланса, өмір әділірек болар еді.

Аңсау

Барын күндесе дау табатынын, жарлысын менсінбесе жау табатынын; ағайын мен жат арасын айыра алмағанның, жақсы мен жаман арасын ажырата білмегеннің түбі жауға құл боларын; қанағатқа ұмтылудың тән байлығы, білімге ұмтылудың жан байлығы екенін кез келген адамы түсіне алар заман-ай...

Сезімдер жөнінде

Махаббат сезімі қуанышқа, түбі эгоизмге бастайды. Қайғыру сезімі аяушылыққа, түбі ізгілікке тартады. Сезімдердің ішіндегі ең ұлысы – өзгенің қайғысына ортақтаса алу сезімі.

Қазақ халқының ежелгі өкініші

“Өттең, дүние-ай, қайтейін,
Баста бірлік болмады-ай!”

Адам жаратылысы жөнінде

Адамдардың бірі адам тұқымдас маймылдан жаралса, бірі айуан тұқымдас маймылдан жаралған болса керек.

Әділет пен қайшылық

Әділетсіздік қоғам мүшелері арасында қайшылық туғызары заңды құбылыс.

Бұрынғы кеңестік қоғамымызда ұлттық намысыңды таптатпауға күресе алмадың, себебі заң жоқ еді.

Дініңді ұстамақ түгіл атын атауға мүмкін емес-ті, себебі сені жауапқа тартар заң бар еді.

Ата-баба рухын қорлатпауға, ұлтыңның арын, өзіңнің болмысыңды зорлатпауға ара түсе алмайсың, себебі бар заң сені қорғамады...

...Енді өз заманымыз туралы ойланып көрелік...

Бір балық ұстағанды соттайды, заң бар, бір көлді тұтас құрғатып жібергендермен ешкімнің ісі жоқ.

Орманнан ұрықсатсыз бір ағаш кескен сотталады, заң бар. Орманды тұтасымен отап тастаған мен өртеп жібергенді жауапқа тартпайды, заң жоқ

Бір әйелді зорлаған сотталады, заң бар. Елдің ең сұлу, ең керікті қыздарын жезөкшелікке баулып, шет ел асырып жатырғандарға қой дей алмайсың, заң жоқ.

Қалтаңнан бір грамм жаман шөп шықса сотталасың, заң бар. Бүкіл елді аздырып жатырғандарға тыйым жоқ.

Арақ ішіп мас болғанға заң бар, оларды улап жатырғандарға заң жоқ.

Бұл қалай?..

...Сонда бұл заман кім үшін?.. Адамгершілік деген түсінікті аяқ асты еткен содырлар үшін бе?.. Ұлт мүддесіне көкірегі соқырлар үшін бе?.. Сөзі мен ісін бір күнде қырық құбылта алар алаяқтар үшін бе?..

...Сонда саналылар тіршілігі не үшін?.. Әлгілердің тоймас қарыны мен толмас қалтасы үшін бе?..

Ойлар...Ойлар...

Ойлар... Ойлар...

Сендердің жетегінде кеткен кісілердің бір басына жетерлік қуаныш пен бақыты да, асып төгілерлік уайым мен қайғысы да, ой артынан ой тудыарлық жұмбағы мен сұрақтары да жеткілікті болады екен. Сендердің қанаттарыңа мініп алып, ақылы қабылдамастай ғажайып әлемнің құпияларына араласып кеткен

кезде басына ұя салар ойлардың қайсыларының Ақиқат, қайсыларының Қиял екендігін ажырата алса ғой, адам пендесі атты, жаратылыс туындысы, шіркін!.. Мына, тап кәзірі бүгінгі таңдағы (7.02.2001) біздің бір литр сұйыққа шақталып пішілген бастың көлеміне шексіздік әлемін сыйғызып жіберген ой, солардың қайсысы екенсіңдер?..

Біз алдымен, өзіміздің Ақиқат деп қабылдаған бір ойымызбен бөліселік... **Жаратылыстың негізі – шар! Бәрі де шардан жаралған!.. Өмір сүру шарты – қозғалыс! Жаратылыстың жанды нәрселері түгіл жансыздары да мәңгі қозғалыста!.. Қозғалысының өз еркінен тыс бағынары шеңбер, дөңгелек, былайша айтқанда тұйықтық. Бәрі де тұйыққа тіреледі!..**

Біздің пайымдауымызша бұл Ақиқаттарды басқалардан бұрынырақ мойындаған біздің бабаларымыз деп ойлаймыз. Олар баспанасын бұрышы жоқ үлгімен жасап, бүкіл әлемге шардың үлгісін көрсетті, шардың бар жаратылыс негізі екенін танытты.

“Қозғалмай жатқан тас астына су жүгірмейді”, “Жүрген аяққа жөргем ілінеді” деп, мақал шығарып, ұрпағына өмір сүрудің басты заңын анықтап берсе, дүние жүзіне доңғалай алатын дөңгелекті арба жасап беріп, тіршілік ету дегеннің қозғалыс екенін ұқтырды...

...Алла тағаланың қандай екенін ойлаудың өзі көп жағдайда адамды күнәлі ойларға соқтырмай өтпейтін болар... Оны бір жанды-жансыз нәрсеге ұқсатсаңыз – ол күнә... Бірақ, Алла тағаланың Өзі пендем ойланып жүрсін деп сол қауақты ми деп аталатын ақыл ертіндісіне толтырып қойса не істейсің?.. Амалсыз ойға батасың, қиялға берілесің...

Кісіні күнәға батырып кетуі мүмкін Қияли ойлар да пенде тіршілігіне қажетті нәрсе секілді.

...Адам пендесінің бұ шақтағы ақыл-ойының даму процесінің ең жоғары шарықтау шегі, біздің ойымызша, “Жаратылыс” пен “Табиғат” атты құдіретті мойындау болды деп есептейміз. Адам балаларының даму эволюциясының осы кезеңінде нағыз тоңмойын материалистерден басқалары бір құдіреттің барлығына шек келтірмейтіндей санаға ие болғандай. Ал ондай мойындау “Шексіздік” және “Мәңгілік” деген ұғымдардың алдында бас игізбей тұра алмайды... Олар, әрине, жаңа ойларға жетектейді...

...Аспан кеңістігі қандай екен?.. Мүмкін ол мына шалқып жатқан Атырау теңізіндей біртұтас дене болар?.. Сол алып нәрсе туралы ойланып көрелікші... Атом деп аталатын денесіндегі ең кіші бөлшектері Күн мен Темірқазық секілді, электрон деп аталатын одан да ұсақтары Жер мен Марс секілді жаратылысты не көзге елестетіп, не сана мүмкіншілігіне салып салмақтадық делік... Егер бір атомы Күн системасындай болса шексіздік дегенің сол емес пе

екен?.. Жаратылыс заңы – тірі денеде ескірген клеткалар өшіп, орнына жаңа клеткалар пайда болып, тірі дене өшіп-өсіп жатады дейді... Егер бір клеткасының (Күн сисемасы) өшуі үшін миллиардтаған жылдар керек болатын болса мәңгілік деген сол емес пе екен?.. Бір клеткасының алмасуы миллиард жылға созылатын, бір атомының шамасы күн системасындай құдіреттің, аты арап тіліндегі **Алла** болмағанда, парсы тіліндегі **Құдай** болмағанда, түркі тіліндегі **Тәңір** болмағанда, славян тіліндегі **Бог** (Мұрад Аджи Алла, Құдай, Бог, Будда сөздері ескі түркі тілінен тараған деп болжам жасайды) болмағанда кім болушы еді... Әрине сол!.. Ал Біз жақсы ойларымыз бен істеріміз арқылы сол құдіреттің әзірге өше қоймаған бір клеткасы ретінде Оның ыңғайына бағынып, Оған жаратылыс атты ғаламатының үндестігін (гармониясын) бұзбауға тырысу пенденің негізгі міндеті екендігіне ақыл жеткізе алсақ Ұлы Шексіздіктің Мәңгілігіне қосқан үлесіміз болар ма еді?.. Денесіндегі сіркесін сыққан маймылдардай Жаратылыстың андасанда адам атты биттерін тырнаққа салып сығып, отқа ұстап қақтап алатыны соларға ренішінен туып жүрмесін?..

...Мүмкін ғой...

Жүрегі ізгі, халыққа қайырымды, Алла алдында адал жақсыны замандастары неге шеттетеді?..

... Сөйтсе оларды заман пысықтары, әуелі, азғырып, алдап, болмаса ебін тауып, пара беріп, түбінде тұзаққа түсіреді екен де, өздеріндей бір жемсаудың, бір қорқаудың біріне айналдыра салады екен.

Содан кейін, оны жақсы көріп, жек көріп жатпайды. Ал кісілігін жоғалтпағанның өтірік те соңына ереді, өсек те соңына ереді. Сонда жақсыны не үшін жек көреді?.. Заман пысықтары оны жек көрмейді екен, оның қара басында ешкімнің шаруасы жоқ. Олар оның адал ісін, ізгі жүрегін жек көреді.

Жолдар

Ел тағдыры жол айырықта шешіледі. Тағдыр, тарих елді тығырыққа тіреген кезде жүріп келе жатқан жолың шорт үзіледі. Алдыңда сансыз жол...

Қайсысы қайда жеткізеді?

Қайсысы елге пайдалы?

Түсеріміз даңғылға шығарары ма, адастырары ма, тұйыққа тірері ме?

Сана

Ұлт санасы деген не?

Ұлт дегеніміз сол ұлтты құрастырып тұрған адамдар.

Осыған келіссек, ұлт санасы дегеніміз – адамдардың санасы.

Демек, ұлт санасы туралы ойланғанда күнде көріп жүрген таныс кісілер санасы туралы ойлау қажет секілді.

Ұлт санасы өтпелі кезеңдер туғанда тоқырауға ұшырамақ. Дәл сол шақта ұлт көсемі елін тығырыққа тіремес даңғылға алып шыға ала ма, әлде билікке таласар айқайшының даусында, жандайшаптың шылбыранда кете ме?

Соңғылары нағыз қауіпті жандар. Елін сүйген азаматтардың өз ойын ортаға салар, ел қамын ойлар шағы осы шақ.

Халық досы

Сан ғасырлық құлдықтан басы босап шығу сәті түскенде қазақтар бақталас боп “Алаш Орда” мемлекетін үш жерде құрған екен. Бәрінің аузында бір ұран – қазақ халқының бақыты мен тәуелсіздігі.

Бірлікке бастар бірі жоқ,

Өзінен басқа ірі жоқ,

Мерт болмай тоқтар түрі жоқ.

Сонда халық досы деген кім?

Билік басындағының бәрі бірдей халық көсемі бола алмайды.

Елге «көсемдік қасиеті бар кісінің дәл таныта алған кісі ғана халық досы.

Өкпе туралы

Адамға өкпелеуге бола ма? Болатын да, болмайтын да реттері бар секілді.

...Колхоз жиналысына кешігіп қалғаны үшін анамды жеті атасынан қозғай балағаттап, киіз үй үзігін ат үстінен қамшымен тартып-тартып жіберіп:

- Сен қатынға үшінші рет конфиска жасату керек болып отыр ма? – деп ақырған әкемнің құрдасы, менің өмірімде өшпес із қалдырған болар. Менің тұла бойымдағы барлық қан тамырларымның, нерв жүйелерімнің әрбір клеткасында зорлыққа

деген, әділетсіздікке деген ыза тудырар қозғаушы күш болып қалғаны анық. Жыртық үзікті жыртып жіберердей боп сатырлаған сол қамшы дыбысы менің жүрек етімді, тілім-тілім етіп, надандық пен мәңгүрттіктің, даңғой мен айқайшының жаудан асқан жау екеніне көз жеткізді. Бірақ заман өтіп, енді ақыл тоқтатқан бұ шақта ол кісіге деген өкпе сақталмапты. Ол да менің әкем секілді заман құрбаны екен. Біреуі заман ағынына бейімделе алған құрбан, екіншісі бейімделе алмаған құрбан.

Адам

Адам – жұмбақ. Оларды адал еңбек пен іскерлікке, ізгілік пен қанағатқа, қайырым мен достыққа үйрету қаншама қиын болса, бұзақылық пен арам ниеттілікке үгіттеу соншалықты оңай...

Халық

Халық қызық. Нағыз ұлыны ұлы тұтуға қаншалықты қарсы болса, ұлы рөлін ойнағысы келгендерді ұлы тұтуға соншалықты құмар.

Пенде

Пенде өзін-өзі алдауға құмар-ақ. Жан-дүниесінің азғанына арланбайды, етігінің тозғанына намыстанады.

Әйел

Әйел заты беріле сүйе білер, бірақ беріле дос бола алмас.

Қасқыр мен мысық

Сіз қасқыр мен мысықтың қайсысының қаныпезерлеу екенін айыра аласыз ба?

Қасқыр жыртқыш ойланбастан қолына түскенінің жанын жаннамға бір-ақ жібереді. Ал мысық пақыр сорлы тышқанды қалай азаптайды десеңші? Жүрегі ұша қорыққан әлсізді тыраңдатып, сан аударып, тіпті ара-арасында үміт отын тұтатып, босатып жіберіп, қайта ұстап алып, әбден жүрегі жарылып өлгенше азаптайды.

Менің қасқырға жем болған тоқтыдан көрі, мысық азабына ұшыраған тышқанға жаным көбірек ашиды.

Адамдар арасындағы тышқан релін атқарып жүрген кейбір жандардың жандарының сірілігі таң қалдырмай қоймайды.

Өзіңді тану

Өзіңді өзің тану қиын мәселе деп жатады. Дегенмен тырысып қаралық...

...Көзіңді тас қылып жұм. Екі шекеңді қос қолдап қыс. Сана жанарына елес берер сызықтар мен ойлар өз орындарын тауып, бар дүниені қара құрдым түнек басқан сәтте сол қара құрдым ішінен өзінді-өзің кездесуге шақырып көрші. Алдыңда кім тұр?..

...Бар дүниеге ұялмай қарай алатын қарапайым, жайдары күлкілі жәй біреу ме?

...Ойсыздау, аңқаулау жан ба?

...Әлемнен түңілген, адамзаттан торыққан сорлы ма?

...Жымысқы күлкілі зымиян ба?

...Аяр қылықты ала аяқ па?

...Қан аңсаған қанішер ме?

...Антын аттап өтер арсыз ба;

...Танып ала алсаң арғы жағы өзіңе байланысты...

Өмір

Өмір деген не? Адам деген кім? Менімше өмір деген адам...

Жаратылыстың ең ұлысы да, күрделісі де адам дейді. Адамдардың санасының табиғатқа деген көз қарасы өмір туралы ұғым қалыптастырмақ.

Кейін жаным жұмақта болар деген дәме болмаса, адамның малдан айырмашылығы бір-бірінен артық-кем аз ғана етінің мөлшері болмақ...

Сұрақ

Неге, Сіздер, кейбір өзімшілдер, бар дүниенің өлшемі де, өңі де өзім деуге құмарсыздар?..

Мен кіммін

Мен өзімді қаншама қоқыс құйса да лайланбас шалқармын деп айта алмаспын. Тұнығымды сақтай алмаған кездерім бар болар. Бірақ менің өзімнен-өзім жиіркенген кезім жоқ.

Екі кісі әңгімесінен

- Сіз кімсіз?
- Сұрап көріңіз, жауап беріп байқалық.
- Сіз өзіңізді баймын деп ойлайсыз ба?
- Баймын.
- Байлығыңыз неде?
- Кедейлігімде.
- Адалдығыңыз неде?
- Байлыққа құмар еместігімде.
- Қайырымдылығыңызды қалай байқайсыз?
- Қайыр-садақа бере алатынымнан.
- Өзіңізге-өзіңіз немен ризасыз?
- Кісіге еткен жақсылығым үшін жауап күтпеймін.
- Бақытыңыз неде?
- Тек өзім деп емес, өзге үшін де еңбек ете алатынымда.
- Сеніміңіз неде?
- Қолыма алған кез-келген шаруаны тындыра аламын.
- Ақымақтығыңыз неде?
- Өзгеге сенгіштігімде.
- Адалдығыңыз неде?
- Ешкімге жаман тілек тілемейтіндігімде.
- Арамдығыңыз неде?
- Ақылдылығымда.
- Ақылсыздығыңыз неде?
- Жұрттың бәрінен ақылды іс күтетінімде.
- Білімділігіңіз неде?
- Ата-баба тарихына қызығатынымда.
- Даналығыңыз неде?
- Табиғатқа сенетіндігімде.
- Діндарлығыңыз неде?
- Жүрегімнің қалауында.
- Батырлығыңыз неде?
- Басымды қауіпке байлай алатындығымда.
- Қорқақтығыңыз қайдан байқалады?
- Заңды бұза алмайтынымнан.
- Өкінішіңіз?

- Ұзақ жылдар бойы тіршілік заңын дұрыс ұқпағаным.
- Жастығыңыз неде?
- Сезімге еріп өлең жолдарын құрастырамын.
- Қарттығыңыз неде?
- Оңашаға құмармын.

Көпшілік

Көпшілік қылығына таң қаласың. Жақсы болуға тиіс деген кісінің бойынан (мысалы Ел басының) жаман қасиет, жаман қылық көргісі келмейді. Көрсек кешіре алмайды. Сол секілді олар жаман деген ат тағылғандар бойынан (мысалы, түрмеге түскендер) жақсылық қасиеттерді іздемейді. Ал барлық адам бойында Құдірет жаратқан барлық қасиеттер (жақсылық пен жамандық, ізгілік пен қатыгездік, қайырым мен сараңдық, сүйіспеншілік пен сатқындық) бар болатындығы ақиқат. Жақсы болу да, жаман болу да әр кісінің өз бойында бар сол қасиеттерін пайдалану шамасына байланысты. Олар (адамдар) өздерінің ұзақ ғұмырын жақсы, жаман қасиеттерін қатар пайдалана өмір сүреді.

Өмір мағынасы

Адам атын арқалап өмір сүру мағынасы – әркімнің қарнын немен толтырғанында емес, әр адам жанын қандай жегі жеп жатқанында.

Асылдар орны

Асылды қайда жасырсаң да, көзің сол жақта болар, ақылдыны қайда отырғызсаң да отырған жері төр жаққа айналар.

Оқу орындары

Оқу орындары маман емес, алдымен адам дайындауға тырысуы қажет.

Үйлену

Көркіне үйленерсің, мінезімен өмір сүрерсің.

Ел тарихы

Өз халқының тарихын зерттемеген кісінің ел ертеңі туралы шешім қабылдауға қақысы жоқ.

Әділдік

Кісінің кісілігі оның өз парызын қалай түсінгендігімен, қалай атқарғандығымен бағаланса, өмір әділірек болар еді.

Менің ақиқатым

Жалпы адамдарға (Олардың ішінде Мен де бармын) және менің ойымда отырған Сізге көптен бері айтқалы жүрген менің бір Ақиқатым бар:

- Олар және Сіз өздеріңізді қалғандардан қаншалықты қулау сезінсеңіз де (мысалы, қолыңыз жеткенді қулықпен жеттім деп есептейсіз делік);
- Олар және Сіз өздеріңізді қалғандардан қаншалықты дәрежелі сезінсеңіз де (шыққан төбеңізді биік санайсыз делік);
- Олар және Сіз өздеріңізді қалғандардан қаншалықты бақыттылау сезінсеңіз де (өз өміріңізге ризасыз делік);
- Олар және Сіз қалғандарды қаншалықты қор тұтсаңыз да : ертең-ақ, мынау қып-қысқа (қамшының сабындай) ғұмырда тірлік кемесі жағаға тірелген күні (қайтар жол жоқ екенін бәріңіз де білесіздер) кәзір ғана қор тұтып отырғандармен теңесесіз. Оны Ол қылып тұрған, Сізді Сіз етіп тұрғандардың барлығы да ұмыт болады... Жоқ, бәрі бірдей ұмыт болмайды. Кейбіреулер замандастарының (кәзір ғана қор санап тұрғандардың) рухани тірлігіне айналар, күннен-күнге қадір-құрметі арта түсер жалғыз-жарым жандар болмақ. Өз тіршілігін осы ақиқатқа басқарта алған кісі бұ пәниде бәрінен де бақыттырақ болмақ... Мүмкін “О” жақтағы Жұмақ соларға арналатын болар...

Данышпан

Данышпан – данышпан керек қоғамға ғана керек.

Сезімдер

Махаббат сезімі қуанышқа, түбі эгоизмге бастайды.

Қайғыру сезімі аяшылыққа, түбі ізгілікке тартады.

Сезімдердің ішіндегі ең ұлысы – қайғы сезімі.

Ескі өнер туындысы

Туған жерден табылған ескі өнер туындысы – ол, тірі ұрпақ ата-бабасының бекзаттылығының белгісі. Сол жәдігерліктерді сақтай алса – ол, осы ұрпақтың да бекзаттылығының белгісі.

Ер қақысы

Ата-баба тарихын зерттей зерделеген ердің ғана ұлт болашағы туралы шешім қабылдауға қақысы бар.

Ұлылар ойынан сыбаға (аудармалар)

* * *

Бір патша келе жатса маң-маң басып,
Айбары, салтанаты жаннан асып,
Кездесті жолда жылан иреңдеген,
Кетпек боп көзден таса жанталасып.

- Әй, сен, деп, қайдан келдің? – елең етті.
- Алтынның қорығынан келем, – депті.
- Алтынның жарқылынан әсем не бар?
- Жарықтың нұр сәулесі десем нанар.
- Ал не бар, сәуледен де жарығырақ?
- Адамға алтыннан да керегірек,
Тарайтын жарықтан да тереңірек,
Рухың нұрланады әңгімемен,
Сұбхаттың бәрінен де берері көп.

Гете

* * *

Ақиқат деген не?

Ақиқат дегеніміз – біздің көзқарасымыздың табиғатпен үндесуі.

Д.Дидро

* * *

Ескіден келе жатқан қате, қазіргі ақиқатқа да қауіпті.

В.Гете

* * *

“Адам болалық” деп қашаңғы қақсаймыз, адам болатын уақыт жетті.

Марк Аврелий

* * *

Адамдар мені білмейді деп қапаланба, мен адамдарды білмеймін деп қапалан.

Конфуций

* * *

Адамның нағыз адам болғаны қандай тамаша.

Менандр

* * *

Өміріңдегі ең басты ісің – қазіргі істеп отырғаның,
Өміріңдегі ең басты адамың – қазіргі сөйлесіп отырғаның.

Лев Толстой

* * *

Өзіне ешкім ұнамайтын адам, ешкімге ұнамайтын адмнан
әлдеқайда бақытсыздау.

Ф.Лорошфуко

* * *

Адамдар! Адамгершілік етіңдерші! Ол сіздердің басты
борыштарың.

Ж.Ж.Руссо

* * *

Еңбек дегеніміз адамның өмірі.

Вольтер

* * *

Еңбек – өмір шынысына адамның құятын майы, ой – жағатын
оттығы.

Стендаль

* * *

Адамды естігені мен айтқаны қалыптастырмайды, еңбегі мен
әрекеті қалыптастырады.

А.Эйнштейн

* * *

Бастау – барлығының жартысы.

Пифагор

* * *

Нағыз адам өз елінің тағдырына қамқорлық жасамайтындарды
адам деп айтпас болар.

А.Науаи

* * *

Әкесінің Отанына деген махаббаты, баласының да еншісі.

Ш.Монтенье

* * *

Өз Отанынының азаматы бола алмаған, адамзат санатында
бола алмайды.

В.Г.Белинский

* * *

Дәрежеге тұлкілікпен жеткен, қасқыр боп пайдаланады.
А.А.Жуковский

* * *

Жындыға қылыш ұстатқан қандай қауіпті болса, арамзаға билік беру сондай қауіпті.

Пифагор

* * *

Өзгелердің бақытсыздығы туралы көп ойланатын адам өз басына түскен бақытсыздықты оңай көтереді.

* * *

Азамат жігіт қанша турашыл, қайсар болғанмен қасарыспа болмайды..

Конфуций

* * *

Ақылдың таяздығы қасарыспалықты туғызады.
Л.Лорошфуко

* * *

Өзіңе өзің сене алмасаң жұрт саған қалай сенбек.
Лао-Цзы

* * *

Ойдағымызды орындап шығу үшін бізге қаржыдан көрі қайсарлық жетіспей жатады.

Л.Лорошфуко

* * *

Адам өзіне өзі сенген уақытта ғана айтарлықтай бірдеңе тындыра алады.

Л.Фейербах

* * *

Малыңды жоғалттың – біраз жоғалттың,
Арыңды жоғалттың – көп жоғалттың,
Еркінді жоғалттың – бәрін жоғалттың.
Гете

* * *

Ең ерен ерлік – ой ерлігі.

А.Франц

* * *

Батыр – қорықпайтын емес, өзінің қорыққанын жеңе алатын.

А.С.Макаренко

* * *

Үнемі айлаға жүгіну, ол – ақылдың аздығынан.

Д.Локк

* * *

Кемшіліксіз дос іздеген доссыз қалмақ.

Биас

* * *

Ең қымбат сый – сенімді дос.

Зенон

* * *

Шынайы махаббат сезімі қаншалықты сирек болса, нағыз достық – одан да сирегірек.

Л.Лорошфуко

* * *

Достық – бұзылғандар жүрегі үшін жаралмаған.

Вольтер

* * *

Ақымақтың достары да кіл ақымақ боп келер.

Гельвеций

* * *

Нағыз азамат парызын білер, пасық жандар пайда іздеп жүрер.

Конфуций

* * *

Парыз!.. Сен мәртебелі де, ұлы сезімсің. Сен ғана адамды өзінен өзін биіктете аласың.

И.Кант

* * *

Арды тартып ала алмайды, арды жоғалтады.

А.П.Чехов

* * *

Өзі адал – басқадан арамдық күтпейді.

Цицерон

* * *

Ұят – мыңдаған куәлар.

Квинтилян

* *

Ұятты жан иттен де ұялады.

А.П.Чехов

* * *

Әдемі сөйлейтіндердің көбі, әдепсіз қылықтарға барады.

Демокрит

* * *

Адам – ол өзінің қылықтары.

А.Грамши

* * *

Бәріне құмарлық – ол ақымақ әдеті.

Хилон

* * *

Адамда ең соңғы өшетіні, ол – үміт.

Диоген

* * *

Сүйікті әйелге қарттық жоқ.

М.Горький

* * *

Азған ер – өлімнен де жиіркенішті.

Менандр

* * *

Қызғаншақ еркек әйелінің көңілдерін өз қолымен жасап алады.

Ж.Лабрюиер

* * *

Қанағат қуанышыңды көбейтіп қана қоймайды, алар рахатыңды да мол етеді.

Демокрит

* * *

Жеңілген Дарий қазынасының ішінен ғажайып қымбат сандықша көрген қазынашы Александр Македонскийден қалай пайдалансақ екен деп сұрайды. Сонда патша: “Бұл сандықшада Гомер кітаптары сақталсын. Ғалым адамдардың еңбектері мен жазулары ең жоғары мәртебеге лайық” – деп жауап беріпті.

* * *

Өмір тәрбиешісі – тарих.

Цицерон

* * *

Өнер ғылым емес, ол ұлттық мағыналы болғанда ғана қуатты болмақ. Ал, жалпы адамзаттық өнер ше? – деп сұрайтындарға, өнер ұлттық болмыстан бөрітіп шыққанда ғана жалпы адамзаттық құндылыққа айнала алады.

И.Н.Крамской

* * *

Өнердің негізгі заңы: айтарың жоқ болса – үндеме. Айтарың бар болса – айт, бірақ алдама.

Р.Роллан

* * *

Саз – сөз шарғасы жетпейтін, менің тереңнен сыр тартып айтпағымды жеткізер ойым.

Р.Штраус

* * *

Көркемсурет – үнсіз поэзия болса, поэзия сөйлеп тұрған көркемсурет.

Симонид Кеосский

* * *

Сәулет өнері – тастан қаланған саз.

В.Гете

* * *

Көз – құлақтан көрі, сенімділеу айғақ.

Гераклит

* * *

Жаны дәрекінің көзі мен құлағы да сенімсіз куәлар.

Гераклит

* * *

Көргенің мен түсінгеніңе қуана білу табиғаттың үлкен сыйы.

А.Эйнштейн

* * *

Күшті шарап көп ішуге жарамайды,
Дәрекі мінез келелі кеңеске жарамайды.

Пифагор

* * *

Біліктімен айтысқан соқырсенімді надан аянышты.

Эзоп

* * *

Кеңес кезінде қасарыспалық пен өрескел мінез таныту
надандықтың айқын белгісі.

М.Монтень

* * *

Ақымақпен адал да шынайы әңгіме жүргізу мүмкін емес.

М.Монтень

* * *

Күдіктенгенін сұрап, анықтап алу ақылдының әрекеті.

Ли Ши-ин

* * *

Ақымақ та жауап күтеді.

Я.Б.Княжин

* * *

Түзетуге келмейтін қате – нағыз қате.

Конфуций

* * *

Қатемді көрсеткен кісі – ұстазым,
Дұрысымды көрсеткен кісі – досым,
Орынсыз мақтаған кісі – жауым.
Сюнь Цзы

* * *

Қателесу әрбір адамға тән қасиет,
Қатесін жақтау ақымаққа тән қасиет.
Цицерон

* * *

Мен Ұлы адам деп адамзатқа ұлы-ұлы еңбек еткендерді
атаймын.
Вольтер

* * *

Болмысы ұлы жаратылмаған ұлы бола алмайды. Айқайшы
тобырдың сүйіктісі болу ұлылық емес. Уақыт олардың барлығын
бірден жоқ етеді.

Р.Поллан

* * *

Ақылы жасына сәйкес келмеген жан, бақытсыз жан.
Вольтер

* * *

Жақсы өткізген күніңнің тыныш ұйқы сыйлайтыны секілді, елге
пайдалы сүрген ғұмырың да тыныш өлім сыйлайды.
Леонардо до Винчи

* * *

Өлімнен қорықсаң ештеңе тындыра алмайсың. Бәрібір өлетін
болғандықтан, қуыққа түскен тас үшін өлгенше, бір ұлы іс үшін өлген
көп артық.

Д.Дидро

* * *

Ешкімге пайдасыз өмір сүру – мезгілсіз өлу.
Гете

* * *

Ешкім екі рет өмір сүрмейді. Ал көпшілігі бір рет те өмір сүре білмейді.

Ф. Рюккерт

* * *

Өмір – өткен күндер емес, есте қалғандары.
П.А.Павленко

* * *

- Елу жыл өмір сүрдім. Соның отыз жылын ақылды адам іздеумен өткіздім. Еш жерден таппадым – депті, философ Эмпедоклге, біреу.

- Ай, досым-ай, – депті философ, – ақылдыны ақылды ғана таниды ғой...

Эмпедокл

* * *

– Санаң бар ма?
– Бар!
– Онда оны неге пайдаланбай жүрсің?
Марк Аврелий

* * *

Жадының нашарлығына бәрі де арыз айтады, ақылы туралы ауыз ашпайды.

Ф. Ларошфуко

* * *

Сана – жалқы мен жалпының арасындағы байланысты көре алатын қабілет.

И.Кант

* * *

Дана болу жеткіліксіз, оны пайдалана білу қажет.
Цицерон

* * *

– Сіз даналықты кімнен үйрендіңіз? – деп сұрапты Ұлықпаннан.
– Соқырдан. Ол аяғын қоятын жерді байқап алмай қозғалмайды емес пе.

Саади

* * *

Жастық шақ – даналықты қабылдайтын уақыт, кәрілік – оны пайдаланатын уақыт.

Ж.Ж.Руссо

* * *

Ар аттаудан қорыққан бақытты бола алмайды.

Петр 1

* * *

Жақсы өмір сүру үшін өмір бойы басшылыққа жарар бір ауыз сөз – кешірімді болу.

Конфуций

* * *

Өзін өзі басқара алмай жүріп көпшілікті басқаруға ессіздер ғана ұмтылады.

Публилий

* * *

Сіздер уақыт өтіп жатыр дейсіздер. Ессіздер – өздеріңіз кетіп бара жатырған.

Толмуд

* * *

Кім болғың келеді? Әлі шешкен жоқсың ба?..
Онда ешкім болмайтын күніңе жақындап келесің.

Марцел

Ашу – сол уақыттағы ессіздік.

Гораций

* * *

Адамға қай мезгілде таңғы тамағын ішкен дұрыс деген сұраққа Диагон: “Бай кісіге қалаған уақытында, кедей кісіге табылған уақытында,” – деп жауап беріпті.

* * *

Ізгі адам мен міншіл адамның айырмасы сыйыр мен жыландай: сыйыр шөпті сүтке айналдырады, жылан сүтті уға айналдырады.

Үнділер даналығы

* * *

Айтысқа түсіп ақымақтығыңды байқатқанша, үндемей ақылды болып көрін.

Публилий Сир

* * *

Төмен адам барлығына тұрпайы жауап қатады.
Орташа адам тұрпайыға тұрпайы жауап қатады.
Тәуір адам кіммен сөйлессе де тұрпайы бола алмайды.
Үнділер даналығы

* * *

Кісі емес кісі таразының тұмсығы секілді: сәл нәрсеге – аспандайды, сәл нәрсеге – баспен қайғы.

Үнділер даналығы

* * *

Артқы тесігінді қанша жусаң да көз болмайтыны секілді, қанішерден қанша аяласаң да жан ашыр жан жасай алмайсың.

Үнділер даналығы

* * *

Өзіне кезінде көмектескендерді ұмытатын алтау:

- оқушы – ұстазын;
- үйленген бала – шешесін;
- айрылған еркек – әйелін;
- мансапқа жеткен – көмекшісін;
- ауру – дәрігерін;
- адасқан – құтқарушысын.

Үнділер даналығы

* * *

Тәуір адам ашуы бір сәтке.
Орташа адам ашуы жарты күнге.
Төмен адам ашуы бір күн, бір түн.
Нашар адам өмір бойы ашудан бос болмас.

Үнділер даналығы

* * *

Біреудің қуанышына қуана алған, қайғысына қайғыра алған – туысынан ізгі адам.

Үнділер даналығы

* * *

Мен өмір сүру үшін жеймін, ал басқалар жеу үшін өмір сүреді.
Сократ

* * *

Құдайдың ісін қарашы: Біздің жанымызды кез-келген ала
алады, бірақ ешім өлімнен құтқара алмайды.
Сенека

* * *

Заң – қарақұрт торы: әлсіздер құтылмайды, күштілер
тұтылмайды.

Анахарсис

* * *

Үнсіз отыра алмас, сөйлеп те жарытпас.
Сенека Младший

* * *

Сократтың артынан біреу теуіп жібереді. Сократ шыдам
танытады. Соны көріп қиналған танысына Сократ: “Егер мені есек
теуіп жіберсе, сонда мен оны сотқа беруім керек пе екен!” – деп,
жауап беріпті.

* * *

Тәнді баптап еткен еңбек босына,
Сана үшін – нағыз еңбек, осы да.
Үнділер даналығы

* * *

Жасы ұлғайған қарияның қарттығынан басқа өмір сүргендігі
туралы дәлелі болмаса, одан өткен масқаралық жоқ.
Кіші Сенека

* * *

Бақытты қуып әлекке түспе: ол барлық уақытта өзіңмен бірге.
Пифагор

* * *

Бақ өзі ғана соқыр емес, ол қонған адамын да соқыр етеді.
Цицерон

* * *

Мейрамдатып сексен жыл өмір сүрген – ол ұзақ өмір сүрген
жан емес, ол ұзақ өлген адам.

Кіші Снеека

* * *

Адамға бір ініні анасы туып береді, ал енді біреуін сөз туып
береді. Сөз туып берген іні көбіне жаныңа жақынырақ сезіледі.

Үнділер даналығы

* * *

Ақымақ туғанға ғылымның қажеті қанша, соқыр туғанға
айнаның қажеті қанша.

Үнділер даналығы

* * *

Ғалым мен батыр және сұлу қайда барса да баспана табады.

Үнділер даналығы

* * *

Төмен адамға ақша, орташаға – ақша мен құрмет, ал тәуір
адамға құрмет қажет.

Үнділер даналығы

* * *

Өзіңнің барлық болмысыңмен уәде беруден аулақ бол.

Үнділер даналығы

* * *

Патшаның ең қымбатысы – патшалығы,
Патшалығында – астанасы,
Астанада – сарайы,
Сарайында – төсегі,
Төсегінде – сұлуының махаббаты.

Үнділер даналығы

* * *

Жаратылыста:

Сұлулар бұзықтар жолында кетеді,
Билікті алаяқ қолында кетеді.
Байлықты сараңдар сауады,
Жауын теңізге жауады.

Үнділер даналығы

* * *

Дана өлгенге де, тіріге де жылау айтпайды.
Үнділер даналығы

* * *

Жаратқанның жіберген екі қатесі бар: бірі әйелді жаратқаны,
екіншісі алтынды жаратқаны.
Үнділер даналығы

* * *

Ащы тілді адам жабайы аңдар ішіндегі ең қанқұйлысы, ал
жағымпаз – үй аңдарының ішіндегі ең қауіптісі.
Диоген

* * *

Өмірге өшпенді кісілерді тыңдау, олармен араласып тұру өз
қылмысыңның басы.
Конфуций

* * *

Не қиын? Өзіңді тану.
Не оңай? Өзгеге кеңес беру.
Фалес

* * *

Ұқсап бағам деп жүріп, ұқсап кетесің.
Овидий

* * *

Білетіндер сөйлемейді, сөйлейтіндер білмейді.
Лао-Цзы

* * *

Әуелі дана болуға тырыс, ал ғалым болу – қолың босаған
кезінде.
Пифагор

* * *

Дана өз тағдырын өзі жасайды.
Плавт

* * *

Аз білсе де керегін білетін кісі –дана.

Эских

* * *

Таң қаласың: кез келген адам қанша қойы бар екенін жатқа біледі, бірақ қанша досы бар екенін айта алмайды. Сонда достық бағасы қанша?

Сократ

* * *

Әр адам – өзінің қас жауы.

Цицерон

* * *

Достық – тек қана жақсы адамдар арасында бола алады.

Цицерон

* * *

Ақшаға үміт сатып алмаймын, үміт үшін ақша төлемеймін.

Теренций

* * *

Заң ызалыны көреді, ал ызалы заңды көрмейді.

Публиций Сир

* * *

Алтын – темірден қылмыскерлеу.

Овидий

* * *

Отаныңның түтіні де тәтті.

Овидий

* * *

Ақиқат – уақыт перзенті.

Овидий

* * *

Қандай ортаға тап болсаң, өзіңді де солай ұста.

Теренций

* * *

Өзі қандай болса, сөзі сондай.

Кіші Сенека

* * *

Неғұрлым бар болса, соғұрлым жоғы да көп болады.
Гораций

* * *

Әділ болса әкеңді сүй, болмаса – шыда.
Публиций Сир

* * *

Өзің үшін өмір сүру үшін өзге үшін еңбек ет.
Кіші Сенека

* * *

Сараң болмау – байлық, шашпа болмау – пайда.
Цицерон

* * *

Тарихты білмейсің бе, демек өмір бойы баласың.
Цицерон

* * *

Қарттықтан сақтан, ол жалғыз келмейді.
Публилий Сир

* * *

Платон менің досым, бірақ ақиқат одан да зор досым.
Аристотель

* * *

Шынымды айтсам, мыналардың ойына ортақтас болғаннан
көрі, мен Платонмен бірге қателескенді дұрыс көрер едім.
Цицерон

* * *

Келдім, көрдім, жеңдім.
Цезарь

* * *

Қалағаныңша ойлана алатын, ойлағаныңды айта алатын кез –
нағыз бақытты уақытың.

Тацит

* * *

Өлім ұлыларға зиянын тигізе алмайды.

Овидий

* * *

Тобыр – ең нашар сот.

Кіші Сенека

* * *

Тәуірлер тәуір кісі тойына шақырусыз да бара береді.

Сократ

* * *

Дана сол, егер: өзге әйелі алдында соқыр бола алса, жат
байлығына жету жолында ақсақ бола алса, жақынын жамандап
жатқанда саңырау бола алса.

Үнді даналығы

* * *

Сараңды ақшамен, тәкәппарды жалынышпен, ақымақты
қулықпен, дананы шындықпен жеңесің.

Үнді даналығы

* * *

Бетбақты өрттен бұрын сөндіруге тырыс.

Гераклит Эфесский

* * *

Табиғат арсыз адамнан өткен сұрқияны жарата алмаған.

Үлкен Плиний

* * *

Өз жасыңды білмесең, жасың нешеде болар еді?

Уэйн Дайер

* * *

Әйелге жасы 18-ге толғанша дұрыс ата-ана керек, 18 бен 35 арасында сұлу түр керек, 35 пен 55 арасында жақсы мінез, ал 55-тен асқасын жақсы ақша қажет.

Софи Такер

* * *

Барлық нәрсенің көре білгенге бір жақсы жағы болады: сен қаншама көрі болсаң да алдындағы жастардан жассың.

“Ридерс дайджест”

* * *

Өмір – өліммен аяқталатын, кездейсоқ кездескен бақыт.

Виктор Жемчужников

* * *

Жеңіл өмір сүру өте қиын.

Пшекуруй

* * *

Өмірде өзіңді өзің қамқорла. Жалпы, бұ кеңесіме де көне берме.

Тристан Бернар

* * *

Егер өмір саған күле қарасын десең, алдымен өзің өмірге күле қара.

Джон Э. Смит

* * *

Өмірдің жақсара түскенінен барлығына бірдей жақсылық болмайды.

Борис Крутиер

* * *

Өмірде кілттен көрі құлып көп.

Роберт Карпач

* * *

Бақытты өмір болмайды, бақытты күндер болады.

Андре Терье

* * *

Бесік мола үстінде ілулі тұрады.

Питер Холл

* * *

Өмірге келген бірінші сағатың өміріңді қысқартады.

Сенека

* * *

Өмірдің қаншалықты қысқа екенін сезіну үшін ұзақ өмір сүріп,
қартаю қажет екен.

Артур Шопенгауэр

* * *

Құдайдан қосымша сұрамайды.

Сергей Довлатов

* * *

Құдай саған бар өміріңнің күндерін өмір сүруге жазсын.

Джонатан Свифт

* * *

Өмір мен ақша туралы олар таусыла бастағанда еске алады.

Эмилб Кроткий

* * *

Жетер жерін анықтамаған кісіге жел қай жақтан соқса да
бағыттас бола алмайды.

Сенека

* * *

Бәріміз де қарызға алған өміріміз үшін өліммен есептесеміз.

Альберт Швейцер

* * *

Түрлі-түрлі туамыз, теңесіп өлеміз.

Сенека Младший

* * *

Өліміне дейін ешкімді бақытты деп айта алмаймыз.

Солон

* * *

Өмірді қаншама рет жаңадан бастаймыз, бір рет аяқтаймыз.

Веслав Тшаскальский

* * *

Мазмұны

1. Алғы сөз
2. Ой түйіндер
3. Сырласым бол
4. Ойлар... Ойлар...
5. Ұлылар ойынан сыбаға (аудармалар)